

ТМД ТАНЫҒАН ТҰЛҒА

Жүрекжарды жазбалар



**Құрастырушы және жауапты редакторы –
Қуат Құрмансейіт**

«Кәусар» баспасы
Астана – 2024

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз 44

Т 78

Т 78 **ТМД таныған тұлға. Жүрекжарды жазбалар.** Құрастырушы және жауапты редакторы – Қ. Құрмансейіт. – Астана: «Кәусар» баспасы, 2024. – 108 бет.

ISBN 978-601-7921-48-4

Бұл жинақ Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ТМД-ның және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, есімі халықаралық «Үздік адамдар» энциклопедиясына енген, КСРО-ның және тәуелсіз Қазақстанның «Еңбек ардагері» төсбелгілерінің иегері, «Қазақмыс» корпорациясының Құрметті еңбек ардагері Жайық Рамазанұлы Мұңсызбаевтың 80 жасқа толған мерейтойына орай жарық көріп отыр.

Үш бөлімнен тұратын жинақтың алғашқы бөліміне Жайық Рамазанұлы туралы әр жылдары түрлі басылымдарда жарық көрген мақалалар топтастырылса, екінші бөлімге айтулы азаматтың 80 жас мерейтойына арналған сан алуан жүрекжарды жазбалар, арнау өлеңдер жинақталды. Ал үшінші бөлімге кітап кейіпкерінің Батыс Еуропаға сапарынан кейін газет тілшісіне берген сыр-сұхбаты мен жергілікті энергетика саласындағы түйінді мәселелер туралы толғаған мақаласы енгізілді және жинақтың түйін сөзі ретінде ғұмырбаяндық жазбасы берілді.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз 44

ISBN 978-601-7921-48-4

© Құрмансейіт Қ., құраст., 2024

© «Кәусар» баспасы, 2024

КӨКЕМІЗ ЖАЙЛЫ КӨРКЕМ СӨЗ

немесе құрастырушы тарапынан бір толғам

Жайық Рамазанұлы Мұңсызбаев.

Бұл кісіні бүгінде дүйім Ұлытау-Жезқазған аймағының жұртшылығы жақсы біледі. Аймақ деймін-ау, өзі барша саналы жұмырын арнаған энергетика саласы бойынша республикаға, керек десеңіз, ТМД-ға танымал тұлға. Иә, артық-кемі жоқ, дәл солай.

Бұл сөзімізге ол кісі иеленген Қазақстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің еңбек сіңірген энергетигі деген айтулы да мәртебелі атақтары – айқын айғақ, даусыз дәлел. Міне, дәл осы себептен бұл жинақты біз «ТМД таныған тұлға» деп атауға ұйғардық.

Осы кітапты әзірлеп, қадірменді көкеміздің 80 жасқа толған мерейтойына тарту етуге ниеттенгенде қандай жауапкершілік жүгін арқалап тұрғанымызды іштей терең түйсіндік. Өйткені тасқа басылып, айтарлықтай таралыммен жарық көретін кітапта қандай да бір ағаттық пен шалағайлық, кемшілік пен олқылық болмауға тиіс. Бұл – біздің баспагер ретінде айрықша мән беріп, ерекше ескертін берік те бұлжымас ұстанымымыз.

Мұның сыртында, азаматтығы айрықша, адами болмысы мен кісілік келбеті келіскен, бір бойында талай-талай тамаша қасиеттер тоғысып, сол ізгі де игі қасиеттері арқасында қалың жұртшылықтың шынайы құрметіне бөленген, еңбегі ерен, пайымы терең тау тұлғаның шынайы бітім-болмысын мейлінше жарқырата, неғұрлым жан-жақты, барынша терең таныту оңай-оспақ шаруа емес екенін де жақсы түйсіндік.

Сондай-ақ, ертерек қамданбай, іске сәл кештеу кіріскендіктен уақыттың тығыздығы да көңілді едәуір алаң еткені рас.

Әйтсе де, көңілдегі көрікті ойды жүзеге асыруға құлшына кірістік. Өз мүмкіндігімізше іздендік, қолымыз жеткенінше қармандық. Сан алуан сарғайған газеттерді парақтадық. Көкеміз туралы айтары бар-ау, айта алады-ау деген адамдарға хабарластық. Сол

тынымсыз қарекетіміздің нәтижесінде қолдарыңыздағы осы жинақ межелі мерзімде, дер кезінде дайын болып үлгерді.

Бұл орайда осынау мерейтойлық жинақты қысқа ғана уақытта дайындауға көмек-жәрдемі тиген тілеулес адамдарға және көкеміз туралы өзіндік ой-пікірлері мен арнау-лебіздерін жолдаған жандардың баршасына алғыс айтып, ризашылық білдіреміз.

Көкеміз жақсы көретін, көкемізді жақсы көретін әйгілі «Дәридай» ақын – Мұқаш Сейтқазинов осы кітаптың кейіпкеріне арнаған «Құрметтісіз қалаға, далаға да» атты өлеңінде:

...Жұртпыз зой жүгін артар ерге нардың,
Езге емес, ерлеріне сенген әркім.
Өзіңізді ардақтар ағайынның
Ішінде, білемісіз, мен де бармын, –

деген екен. Дәл осы шумақта айтылғандай, көкемізді құрметтеп, ардақтайтын ағайынның ішінде біз де бармыз. Бұл сөзіміздің дәлелі – қолдарыңыздағы осы кітап.

Жайық көкеміздің 70 жасқа толуына орай бұдан 10 жыл бұрын, 2014 жылдың 14 тамызы күні Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған «Болмысы бөлек, бітімі дара» атты жүрекжарды жазбасында Ахат ағам: «Менің көкем!..» – деп толғаныпты. Әбден орынды, әдемі де жарасымды сөз!

Осы жинақтың материалдарын жинақтап, басуға дайындау барысында дәл осы «Менің көкем!» деген сөзді, көкемізге деген кіршіксіз көңіліміз бен шынайы құрметіміз түп-түгел сыйып тұрған бір-ақ ауыз сүйінішті лебізді біз де іштей мерейлене отырып, сан мәрте қайталадық.

Иә, Жайық көке – менің де көкем! Өзінен жасы кіші жандардың бәрінің көкесі! Сондықтан ең дұрысы «Біздің көкеміз!» болса керек.

Иә, солай! Жайық көке – біздің көкеміз!

...Сан асудан абыроймен асып, сексеннің сеңгіріне көтерілген шағыңызда алыс-жақындағы барша тілеулес жұртшылықтың басын қосып жатқан мерейтойыңыз құтты болсын, Көке!

Мерейлі тойыңызға шынайы көңілмен, ақ пейілмен тарту еткен осы кітапты қабыл алыңыз!

Қуам ҚҰРМАНСЕЙІТ

Бірінші бөлім



ӨТКЕН КҮНДЕР
ӨРНЕГІ

ЖАҚСЫ АДАМ **жайлы аз-кем лебіз**

Бұдан біршама уақыт бұрын барлық сән-салтанатымен аталып өткен Сәтбаев қаласының 30 жылдық мерейтойы қарсаңында шаһар тарихында елеулі қолтаңбасы бар бірнеше адамға Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағы берілді. Сол санаулылар санатында Сәтбаев электр желілері кәсіпорны өндірістік бөлімінің бастығы, еңбек ардагері Жайық аға Мұңсызбаев та бар еді.

Әрине, Құрметті азамат атағы – жоғары деңгейдегі мәртебелі марапат. Алайда бұл жерде ерекше атап айтар бір жай бар. Ол – Жайық ағаның осынау құрметті атақты иеленбес бұрын-ақ халқына қалаулы, еліне елеулі азамат ретінде танылғаны. Бұл марапат көпшіліктің ардагер ағаға деген сол шынайы ықылас-пейілінің ресми айғағы ғана іспеттес. Мұнымыз әсте құрметті атақтың құнын жоққа шығару емес. Бірақ ақиқат шындық тап осылай.

Хош, сонымен, Жайық ағаға деген осы кіршіксіз қадір-құрметтің сыры неде? Байқасақ, мұның еш құпиясы жоқ. Бәрі де адал еңбек пен парасат тұнған адами бітім-болмысының арқасы екеніне көз жетеді.

Сонау 1966 жылы Алматы политехникалық институтын өнеркәсіпті электрмен жабдықтау мамандығы бойынша үздік тәмамдаған Жайық Рамазанұлының өмір жолы Сәтбаев қаласы аумағындағы корпорация кәсіпорындарының тыныс-тіршілігімен бірге өріліпті. 42 жылдық еңбек өтілінің 36 жылы «Қазақмыс» корпорациясының энергетика саласын өркендетуге арналды. Осы кезеңнің басым көпшілігі қазіргі еңбек етіп жүрген мекемесінде өтіп келеді. Тек бірнеше жыл Анненск кенішінің «ақсап» қалған энергетика жүйесін жөнге түсіру үшін кеніштің бас энергетигі болып істегені бар. Ұзамай өзі бауыр басқан кәсіпорынға қайта оралған.

Бүгінде Жайық аға – кәсіпорындағы кемел тәжірибелі маман, жас буынға жөн сілтер тәлімгер ұстаз. Сан салалы істің талай түйіні де осы кісі арқылы шешіліп жатады.

– Энергетиктердің аса жауапты да зор еңбегін түйсіну үшін бір сәт көз алдымызға мынадай көріністі елестетейікші, – дейді Жайық

аға. – Кенет электр тоғы болмай қалды делік. Қаланы қара түнек басты. Шыңырау шахталардағы, еңбек көрігі қызып жатқан мыс қорыту зауыты мен байыту фабрикасындағы барша қондырғылар тоқтап қалды. Қандай жабырқау көрініс десеңші. Ал сол орындардағы еңбек ырғағының бір сәт те үзілмеуін қамтамасыз етіп, электр тоғын жеткізіп отырған – біздің кәсіпорын. Сондай-ақ, кеншілер қаласының бірнеше ауданындағы тұрғын үйлерге де электр қуатын жеткізушіміз. Жеткізіп қана қоймай, сол электр желілерінің қауіпсіздігін сақтауға мүдделіміз. Бізге қарасты мұндай электр желілерінің жалпы ұзындығы – 1 300 шақырымға жуық. Ай сайын орта есеппен 200 миллион киловат-сағат электр тоғы таратылады.

...Осындай жауапкершілігі зор істің ілкімділікпен орындалуына үлес қосып, қашанда қайнаған еңбек ортасында жүретін ардагер ағаны ел майталман маман деп қана емес, ұлтжанды азамат ретінде де құрмет тұтады. Халықтық салт-сана мен ана тіліміздің, жалпы ұлттық құндылықтарымыздың қолдаушысы деп ұғады. Расында да, ол кісінің көптеген игі істері, әсіресе, баспасөзге жазылу кезеңінде ана тіліміздегі басылымдардың таралымын молайту жолындағы еңбегі іс басындағы барша азаматтарға үлгі болар нәрсе емес пе!

Жайық аға отбасының өзге мүшелері де корпорация кәсіпорындарында еңбек етеді. Алматы Халық шаруашылығы институтында дәріс алған жұбайы Зоя жеңгей Шығыс Жезқазған кенішінің экономикалық жоспарлау бөлімінде 20 жыл экономист болып істесе, қара шаңырақ иесі Абзал – Тау-кен инспекциясының маманы.

Асылы, «Жақсыларды мақтау қажет емес, олармен мақтану керек» деген аталы сөз өте орынды. Дей тұрсақ та, кәсіби мерекесіне орай ардагер ағаға деген аз-кем лебізімізді жеткізуді парыз санадық. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме қазақ!

Әрдайым абыройлы бола беріңіз, абзал аға!

Қуат ҚҰРМАНСЕЙІТ,
«Мысты өңір» газеті,
19.12.2003

ЭНЕРГИЯ ЖИЗНИ ЖАЙЫКА МУНСЫЗБАЕВА

Энергичный – лишь приблизительное описание человека, с которым нам довелось познакомиться на предприятии электроснабжения. 50 лет вовсе не возраст, а стаж работы начальника производственного отдела предприятия Жайыка Мунсызбаева. А рубеж неведомого ему пенсионного периода остался позади еще в 1994-ом...

Первая запись в трудовой книжке Жайыка Рамазановича появилась в 1961 г, когда он, будучи студентом энергетического факультета Казахского политехнического института, проходил производственную практику учеником электромонтера в Соколово-Сарыбайском ГОКе. По окончании института в 1966 г, по специальности «электроснабжение промышленных предприятий» на отлично, дипломированному инженеру-электрику досталось по распределению единственное место в жезказганском проектно институте – филиале Гипроцветмета.

В 1969 году Жайык Рамазанович перешел работать на предприятие электросетей старшим мастером, а с 1975 по 1989 работал главным энергетиком в госгортехнадзоре Жезказганской области.

– В то время мне повезло работать с такими заслуженными энергетиками области, как С. Лапан, Ю. Ведерников, Т. Исмагулов. Старшим другом и наставником был для меня начальник электролаборатории ПЭС М.С. Алексеев, – вспоминает Ж. Мунсызбаев.

Перенимая бесценный опыт заслуженных энергетиков и активно применяя собственный, Жайык Рамазанович разработал и внедрил множество положений и методических руководств по контролю безопасности ведения работ энергетической отрасли горной промышленности. Многие ведущие энергетики нынешнего поколения получили в то время путевку по ТБ от ударника коммунистического труда Жайыка Мунсызбаева. Позитивный стиль общения не мешает моему собеседнику требовать от своих «от и до» в силу своих профессиональных полномочий. Вложенные знания дали свои плоды в карьере таким его ученикам как Ж. Абитов – бывший главный энергетик ПО «Жезказганцветмет», К. Аманов – заместитель главного энергетика ПО «Жезказганцветмет». Депутат энергонадзора Карагандинской

области Б. Рожков написал своему наставнику слова благодарности за то, что еще при конкурсном отборе на должность оказался на голову выше остальных претендентов благодаря «школе» Жайыка Рамазановича.

Еще одна памятная веха в жизни – строительство и запуск Анненского рудника, главным энергетиком которого наш герой был пять лет. Под руководством Ж. Мунсызбаева был запущен на производственную мощность весь комплекс скиповых подъемных установок, введены в эксплуатацию клетевые подземные установки.

В 1996 году он вернулся в ПЭС на должность начальника производственного отдела, где работает по сей день. Круг профессиональных обязанностей Жайыка Рамазановича очень большой, одна из основных – принятие экзамена по технике безопасности и проверка знаний по электробезопасности при эксплуатации электроустановок потребителей. Обучение и пополнение багажа знаний помогло повысить квалификацию многим специалистам предприятия.

18 декабря прошлого года Жайыку Мунсызбаеву присвоено звание заслуженного энергетика Энергетической Ассоциации Казахстана. Неоднократный обладатель благодарственных писем и Почетных грамот акима Карагандинской области и управления корпорации «Казахмыс», Жайык Рамазанович скромно радуется, что не посрамил память отца, который работал мастером газотурбинной электростанции поселка Рудник, работал на шахте №42. За многолетний доблестный труд, Рамазан Мунсызбаев стал кавалером ордена трудового Красного знамени, Заслуженным горняком СССР и Почетным горняком КССР, Персональным пенсионером РК. По примеру отца, единственный из троих детей, Жайык пошел в энергетику и производство.

У самого Жайыка Рамазановича с супругой Алтын Молдагалиевой трое детей и восемь внуков.

– Пока восемь, – уточняет счастливый дед, богатство которого – потомки, годы супружества и работы по призванию, питает неугасимую энергию жизни. Ее хватает и на любимое хобби – спорт, он азартный болельщик футбола, хоккея и бокса. Приверженец здорового образа жизни, развиваться умственно и физически не устает приучать внуков от младшего сына Абзала, семья которого живет вместе с пожилыми родителями. Очередной день Жайыка Рамазановича начинается с

утренней зарядки, и – никаких планов об уходе на заслуженный отдых. Видимо, еще не устал, не нашел себе на смену технически подготовленного, грамотного специалиста. Таков он весь – наш земляк, человек эпохи, энергетик в работе и энергичный в жизни, Жайык Мунсызбаев.

*Елена РУЧКИНА,
газета «Шарайна»*



В ТИСНЕНИИ БУКВ ЗОЛОТЫХ – ОТБЛЕСК ЛЕТ ТРУДОВЫХ

Имя нашего земляка – уважаемого ветерана электроэнергетической службы, Почетного гражданина города Сатпаева, начальника производственного отдела Сатпаевского предприятия электрических сетей Жаика Мунсызбаева внесено в Большую международную энциклопедию «Лучшие люди», изданную в нынешнем году международным издательством «Спецадрес».

От души поздравив Жаика Рамазановича с таким значимым и неординарным событием в его жизни, я с благоговением беру в руки большой увесистый том темно-синего цвета с золотым тиснением и на 975-й странице отыскиваю имя Жаика Рамазановича. Да, такое признание трудовых заслуг перед Родиной дорогого стоит, ведь это же на века! Какой сюрприз семье и всем жителям города к юбилею Независимости нашей страны! Знай наших! Вот на такой волне восхищения, ярких положительных эмоций и состоялся наш разговор о жизни, в которой главное, конечно, было отведено работе.

Оказалось, что год 2011 в судьбе заслуженного энергетика электроэнергетической Ассоциации Казахстана Жаика Мунсызбаева отмечен еще одной памятной вехой – полувековым юбилеем начала трудовой деятельности в электротехнической отрасли нашего региона. В ПЭС он трудится последние 13 лет. Директор Кенгирбек Аманов и главный инженер Федор Нейберт высоко оценили профессиональные качества своего главного специалиста, его обширные знания в области электротехники и умение грамотно применять их в работе. Сам же Жаик Рамазанович сегодня не только молодец, подтянут и бодр, он полон сил, оптимизма и готовности с прежней самоотдачей служить делу всей своей жизни.

– Я родился в августе 1944 года за 9 с половиной месяцев до Великой Победы в пос. Байконур, – поведал мой собеседник о своих корнях. Там в то время разрабатывалось угольное месторождение. Отец хотел быть солдатом и воевать за Родину. Но его, как редкого специалиста по силовым газотурбинным электростанциям, остави-

ли в тылу. До перевода в Байконур он работал в поселке Рудник, где таким же способом вырабатывалась электроэнергия для шахт. Семья вернулась в Жезказган только в 1951 году. Отец пошел на добычу и стал впоследствии заслуженным горняком Казахской ССР, СССР. Его труд был отмечен высокими правительственными наградами – орденом Трудового Красного Знамени, орденом Знак Почета. На заслуженный отдых он ушел персональным пенсионером. В поселке Рудник прошло мое босоногое детство. Как и тысячи моих патриотично настроенных сверстников, горел желанием служить Отчизне, покорить все вершины мира. И для начала после десятилетки поступил в Алма-Атинский казахский политехнический институт имени Ленина.

В 1967 году по направлению молодой инженер-электрик пришел в энергетический отдел жезказганского филиала московского проектного института «Гипроцветмет», а через два года перевелся в цех сетей и подстанций, который являлся, по сути, прародителем современного ПЭС. Именно там, в электротехнической лаборатории, под началом ее руководителя Михаила Алексеева старший мастер Мунсызбаев набирался практического опыта. Невозможно, считает он, переоценить влияния на его профессиональное становление таких столпов жезказганской энергетики как Самарий Лапан, Турмуханбет Исмагулов, Юрий Ведерников, с которыми ему не раз приходилось пересекаться по работе.

– Михаила Сергеевича я считаю своим первым учителем, – подчеркнул рассказчик. – Здесь, в лаборатории, именно в процессе работы я черпал такие глубокие практические, жизнью выверенные знания, которых ни одна академия не даст.

Это было золотое, счастливое время, когда жадный до знаний молодой специалист становился настоящим профессионалом, что, в свою очередь, не замедлило сказаться на карьерном росте. Высококвалифицированный инженер-электрик, руководитель с большим опытом работы в разные периоды своей трудовой деятельности возглавлял областное отделение госэнергонадзора, работал главным энергетиком управления жезказганского округа госгортехнадзора, главным энергетиком управления ЖШПТ, Анненского рудника. Много сил и труда было вложено в обеспечение безопасности, повышение производительности труда, экономное потребление электроэнергии потребителями. За годы работы Жаик Рамазанович выпестовал немало грамотных специалистов, в их числе директор ПЭС Кенгирбек Аманов,

заместитель главного энергетика ЮЖР Арыстан Оразбеков, бывший главный энергетик компании «Казахмыс» Жандильда Абитов, главный энергетик АО «Жезказгангеология» Алексей Вдовин и другие. Немало сил и сегодня вкладывает Жаик Мунсызбаев в такое важное дело, как повышение квалификации работников ПЭС, беря на вооружение передовой мировой опыт в развитии электротехники.

Небезразлична Почетному гражданину города Сатпаева Жаику Мунсызбаеву судьба Жезказганского региона, ведь от его развития напрямую зависит процветание его родного Сатпаева. И здесь, считает он, без строительства автомобильных и железных дорог действительно не обойтись. А в целом, убежден мой герой, всем надо быть ответственными и дисциплинированными, тогда и страна будет процветать, и каждый казахстанец будет уверен в своем будущем.

А вот для успешного и гармоничного развития семьи как ячейки общества важны не только любовь и желание делить радости и беды пополам, но и достаток, материальная стабильность. Этот вывод Жаик Рамазанович сделал на основе большого опыта семейной жизни.

Свой брак, которому уже 43 года, мой собеседник назвал удачным, и не без основания. Они с женой, так же ведущим инженером одного из горных предприятий, для благополучия семьи трудились не покладая, как говорится, рук, но и о воспитании младшего поколения Мунсызбаевых не забывали. В свободное от работы время много путешествовали, в том числе с детьми. Сейчас дети выросли, получили высшее образование и свили собственные гнезда, по образу и подобию родительского. Старшая дочь Ардак живет в Германии. Старший сын Абай – в Алматы, а младший Абзал успешно трудится на руднике Жомарт. Внуки подрастают, им жить и трудиться в свободной процветающей стране. Вложил свой труд в Победу их славный прадед, вот уже полувек вкладывает силы и знания в развитие региона их дед. Профессиональный, гражданский, родительский долг – на этих высоких понятиях, как на добротном фундаменте, выстроена вся жизнь жителя города Сатпаева Жаика Мунсызбаева, хорошая трудовая жизнь.

Я охотно выполняю просьбу Жаика Рамазановича и от его имени поздравляю всех сатпаевцев и жезказганцев с 20-летием Независимости Казахстана, а работников электротехнической службы региона – с Днем энергетика! Мира, любви, здоровья и процветания каждой семье! Будьте счастливы!

Маргарита ГРИНЬ

ӨЗ ІСІНЕ БЕРІЛГЕН АЗАМАТ

Рудник кентінде 1944 жылы дүниеге келген Жайық Мұңсызбаевтың «Есейгенде осы аумақта бой көтерген шахталардың қуат көзімен қамтылуына мен де өз үлесімді қоссам» дейтін балалық қиялы болатын. Сол балалық тілегі оны мектепті бітірсімен Алматыға жетеледі.

1961 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институты энергетика факультетінің «Өнеркәсіпті электрмен жабдықтау» мамандығына түскен күннен басталған Жайық Рамазанұлының жалпы еңбек өтілі – 52 жыл. Институтқа түскеннен-ақ өндірістік тәжірибеде жүріп, мамандығының қыр-сырын меңгерді. Кітапшаға түскен сол жазу көмескі тартқанмен, Жақаңның өз мамандығына деген сүйіспеншілігі суыған емес. Өзі айтқандай, «қайта жыл санап арта түсуде».

1967 жылы институтты үздік бітірсімен жас жігіт бірден өндірістік аймақ – Жезқазғанға жол тартады. Қаныш Сәтбаев іргесін қалаған Үлкен Жезқазғанның, кеншілер ордасы Никольский кентінің бүгінгі Сәтбаевтай шаһарға айналуына қосқан оның үлесі қомақты.

– Өндірістік аймақты қуат көзімен қамтамасыз етуде 1969 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатының құрамында құрылған электр желілері кәсіпорнының маңызы айрықша. Мекеме құрылған күннен бастап осы ұжымның қалыптасу кезеңін, даму сағыларын өз басымнан өткердім. Мекеменің алғашқы басшылығында Ефим Штейнберг болды. Өз ісіне берілген жан болатын. Энергетика саласының өңірімізде дамуына бірден-бір үлес қосқандардың қатарында осы Е. Штейнберг те бар.

Заман жаңа жүйеге ауысқан тұста мекеме «Қазақмыс» корпорациясының өндірістік-сервистік кешеніне қосылды. Бұл 2010 жыл болатын. Ал 2012 жылы жанар-жағармай және энергетика кешенінің құрамына енгізілді. Мекемеде қазіргі таңда 328 адам еңбек етеді. Электр желілері кәсіпорнының құрамына қалалық «Горэлектросеть» мекемесі қарайды.

Энергетиктердің жұмысы өте жауапты. Әлеуметтік нысандар мен өндірістің еш кедергісіз жұмыс істеуінде осы саладағы мамандардың жауапкершілігі басты талап болып есептеледі.

Біздің мекеме – тек энергияны тасымалдаушы. Ал оны Екібастұздан сатып алып, қамтамасыз ететін – «Жезқазғанэнергосбыт» ЖШС мекемесі.

Қазір ұжымды Кеңгірбек Аманов басқарады. Өз саласының майын ішкен маман. Басқару жүйесінде өзіндік іс-тәжірибесі мол басшы. Аға буын – мына біз ендігі үмітімізді жастардан күтеміз. Алайда техникалық мамандыққа, әсіресе, энергетика саласына келіп жатқан жастар аз. Азының өзі, жасыратыны жоқ, таңдап келген мамандығының қыр-сырын меңгере алмай жатады. Біз оларды өндірістік тәжірибеден емтихан қабылдау арқылы жұмысқа аламыз.

Бұл мәселе аға буынды қатты ойландырады. Өзіммен қатар үзетін қағыстырып еңбек етіп келе жатқан алғы буындағы мамандардан Василий Нейфельт, Евгений Фатеев, Елена Теменеева, Татьяна Коновалованың бұл кәсіпорын үшін орны ерекше, – дейді өз ісінің озық тәжірибелі майталманы.

Жайық аға – кәсіпорындағы тәжірибелі маман, осы салаға келген жастардың томағасын сыпырып, оларды мамандығының қыр-сырына баулыды. Сол үшін де тәлімгер ұстаз атанды.

Жақаң 2003 жылы кенді қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін қаланың Құрметті азаматы атағын иеленсе, 2010 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі» төсбелгісімен марапатталды. 2011 жылы оның есімі халықаралық энциклопедияға үздік маман ретінде жазылды.

Жайық Рамазанұлының Құдай қосқан жары Зоя Молдағалиева Шығыс Жезқазған кенішінің экономикалық жоспарлау бөлімінде экономист, бөлім басшысы болып еңбек еткен.

Зоя Бірәліқызы мен Жақаң бір қыз, екі ұл тәрбиелеп өсіріп, олардан тараған немерелердің қызығын алданыш студе. Үлкен қыздары Ардақ Германияда түтін түтетсе, ортаншылары Абай Алматыда экономист мамандығы бойынша игерген білімін сол салаға арнап жүр. Шаңырақтағы Абзалы Батыс Жезқазған кенішінде кен шебері болып еңбек етеді.

Келер жылы өмір дейтін толқынды дарияның жетпісінші көктемін қарсы алғалы отырған Жайық ағамыз – өз ісіне берілген азамат. Олай дейтініміз, өз ісінен қуат алып, бар күшін, білімін, жігерін бір салаға арнау барлық жанның қолынан келе бермейді.

Бағдат ҚАЗЫКЕНОВ,
«Шарайна» газеті

ҚҰРМЕТТІСІЗ ҚАЛАҒА, ДАЛАҒА ДА

*(Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы,
ҚР және ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі
Жайық Мұңсызбаевқа)*

Кенде емес қой қазақтың халқы ырыстан,
Жақсы адамда жоқ шығар жалпы дұшпан.
Жайық аға, баршаға беделдісіз,
Сізді құрмет тұтады бар туысқан.

Жұртпыз ғой жүгін артар ерге нардың,
Езге емес, ерлеріне сенген әркім.
Өзіңізді ардақтар ағайынның
Ішінде, білемісіз, мен де бармын!

Жақсы адамға жақсы жар ұсынды Алла,
Жақсылық тілейсіз бар мұсылманға.
Сізді іздейміз әр кезде қуанғанда,
Сізді іздейміз кей кезде қысылғанда.

Өмір сізді шыңдады өрге салып,
Көрместер түйені де көрмесі анық.
Сіз болған отырыста, жиындарда
Біз арқаны жүреміз кеңге салып.

...Сізге деген таңданыс тұр санада,
Орнықты болармысыз мұншама, аға!
Елу жыл келе жатсыз қызмет қып,
Қозғалмай, бір мамандық, бір салада.

Ерлерін дәріптеген дана халық,
Ұшырдым шашу-жырды шағалы қып.
Тынымсыз еңбегіңіз жатыр бүгін
ТМД аймағында бағаланып.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ

«ЗАСЛУЖЕННЫЙ ЭНЕРГЕТИК СНГ»

*почетное звание присвоено нашему земляку
Жаику МУНСЫЗБАЕВУ*

Особого почта в профессиональный праздник – День энергетика удостоился наш земляк, Почетный гражданин города Сатпаев Жаик Мунсызбаев. Регалии Жаика Мунсызбаевича, посвятившего 52 года энергетической отрасли,полнились еще одним почетным званием – Заслуженный энергетик СНГ.

Чествование и вручение нагрудного Знака коллеги провели в родном предприятии – Предприятии энергетических сетей, где и по сей день трудится Ж. Мунсызбаев.

В кабинете директора собрались коллеги Жаика Рамазановича, пришедшие разделить с ним радость от признания многолетнего и плодотворного труда.

Директор ПЭС К. Аманов, поздравляя Ж. Мунсызбаева, не скупился на теплые слова и пожелания.

– Жаик Рамазанович – ветеран труда, посвятивший всю свою жизнь энергетической отрасли. Образец преданности своему делу. Будучи высококвалифицированным специалистом, знатоком своего дела, он внес огромный вклад в дело обеспечения надежности электроснабжения города. Будучи прекрасным наставником, благодаря профессионализму, свой богатый опыт сумел передать и ученикам. Воспитал не одно поколение энергетиков, которые сегодня трудятся не только на благо города, но и работают в разных уголках нашей страны и за ее пределами. Сегодня мы в очередной раз стали свидетелями признания труда нашего коллеги. Решением Электроэнергетического Совета СНГ ему присвоено звание «Заслуженный энергетик СНГ», – сказал Кенгирбай Раисович.

После слов поздравлений под громкие аплодисменты коллег К. Аманов вручил виновнику торжества Нагрудный Знак и свидетельство к нему.

– Я знаком с Жаиком Рамазановичем уже давно. Тогда он работал главным энергетиком Анненского рудника. А я пришел молодым

специалистом. Особо запомнилось, что с первых дней Жаик ага относился к новичкам с заботой. Многому учил, делился советами. В коллективе уважаем и ценим не только за профессионализм, а за добродушие и скромность, – говорит Хайролла Игибаев, начальник производственного отдела ПЭС о своем коллеге.

Жаик Мунсызбаев выпускник-отличник Казахского политехнического института. За трудовую биографию, протяженностью в 52 года работал на разных должностях. Занимал и ответственные посты – был начальником Жезказганского областного отделения Госэнергонадзора, главным энергетиком управления Жезказганского округа Госгортехнадзора, главным энергетиком управления ЖШПТ, главным энергетиком Анненского рудника. В предприятии энергетических сетей работу начал в 1998 году, с должности начальника производственного отдела. На сегодняшний день работает начальником отдела контроля и реализации энергоресурсов.

В 2003 году за большой вклад в процветание города Жаику Рамазановичу присвоено звание Почетный гражданин города Сатпаев. А в декабре 2010 года он получил звание «Заслуженный энергетик РК». Был удостоен медали «Ветеран труда», грамот и благодарственных писем руководства корпорации «Казахмыс». В 2011 году Жаик Рамазанович включен в Международную энциклопедию «Лучшие люди».

Если в коллективе Жаика Рамазановича ценят как мастера своего дела, беззаветно преданного профессии, то родные и близкие любят как заботливого отца и дедушку.

*Газета «Шарайна»,
10.01.2014*



ТОЛЫҚ АДАМ

Жезқазған өңірінде Жайық Мұңсызбаевты білмейтін жан жоқ. Абыройы, сыйына біз де сырттай қанық болып жүретінбіз... «Жаз дидарлы, иманжүзді» деп жатады бәзбіреулер турасында. Ал мен жүздесуден алған әсерімді айтып жеткізуге теңеу іздеп табар емеспін.

Толық адам! Иә, тап солай.

Сізге Жайық ақсақалмен аз-кем сұхбаттасудың сәті түсіп пе еді? Өмірге деген құлшынысыңыз бір демде еселеп артқан болар? Бойыңызды жасампаздық рухы билеп қайтқан шығарсыз? Бірақ бұлай деп қайыру жеткіліксіз.

Көзінде – мейірім, жүрегінде – батылдық. Парасат иесі. Абайдың толық адам туралы теориясынан есетін тазалық Жайық қарттың тұла бойынан табылады. Қарттық туралы...

Жайық Рамазанұлының қарттығы бөлектеу. Күнді спортпен бастайды. Жетпіске жетсе де, сымдай тартылып жүргені. Мәнерлі, ажарлы кісі. Мені түсіне бастаған боларсыз...

Жайық Рамазанұлы – идеяға адал адам. Заманының озығын сіңіріп келеді. Елу жыл бұрын да сондай еді. Орта мектептің бетке ұстар бозбаласының Қазақ политехникалық институтына құжат тапсыруына себепші – уақыт пен кеңістік көсемі Лениннің Одақты жаппай электрлендіру жайындағы өсиеті болған.

Оқуды өндірістік тәжірибемен үздіксіз сабақтастыра жүріп, мол білім жиды. Институтты жаңа тәмамдаған соң туған жеріне оралды да, елінің төріне жайғасты. «Гипроцветметтің» нұсқауы бойынша, бірден Жезқазған жобалау институтындағы жалғыз салалық бірлікке ие болса, жас маман үшін елінің төрі емей немене?! Сол биігінен төмендеген емес. Қызметте де, өмірдің өзге өткелінде де.

Жергілікті өндірісті қуат көзімен қамтамасыз етудің басы-қасында отыз жылдан астам уақыт жүрді. Аннеск кеніші салынғанда мұндағы тоқ жүйесін бастап қалыптастырған – өзі. Қазба байлықты жоғарыға жеткізу қондырғылары, жер астына түсіп-көтерілу механизмі – осының бәрін жаңадан ашылғалы отырған нысанда қалтқысыз жұмыс

істей алатындай орнықтыру жауапкершілігін жүктерлік адам Жайық Рамазанұлы болды.

Ал аймақтың электр жүйелері кәсіпорнына еңбек сіңіре бастағалы жиырма жылдан асып барады. Бүгінгі таңда энергия ресурстарын бақылау және жүзеге асыру бөлімінде жетекші. Бұл – қағаз жүзіндегі орны. Осындағы және сырттағы көп шәкірттің шамшырағы, саладағы соны жаңалықтардың жаршысы, көл-көсір біліктілік тұнған тұлғаны «мэтр» десек жарасады.

...Екеуара шағын сұхбаттың барысында: «Әдебиетке жақынсыз ба?» – деп сұраған едім: «Қалай айтсам екен... Абайдың «Сегіз аяғынан» асқан керемет бар ма?» – деп жауап берді Жайық аға. Іштей түйе бастаған ойым беки түсті...

Осыдан екі жыл бұрын кейіпкерім халықаралық «Үздік адамдар» энциклопедиясына енген болатын. Бұған дейін Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, ҚР еңбек сіңірген энергетигі атанды. Марапаты көп, әрине. Күні кеше ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі құрметті атағы берілді. Жезқазған өңірінен бірінші адам. Сол себепті де өзімізде өткен салтанатты табыстау рәсіміне сала атқамінерлері түгел жиналды. Риясыз қуанды, қызу құттықтады. Медальді куәлігімен бірге кәсіпорын директоры Кеңгірбек Аманов табыс етті. Біз де сүйіндік.

Марапатыңыз құтты болсын, Жайық аға!

*Жадыра ХАНГЕЛДІ,
«Орталық Қазақстан» газеті,
09.01.2014*



ТМД МОЙЫНДАҒАН ЭНЕРГЕТИК

Сәтбаев қаласында тұрады

Оның аты-жөні – Жайық Мұңсызбаев. Энергетика саласында бүкіл саналы ғұмырын өткеріп келе жатқан Жәкең – өз саласының білгір маманы болумен қатар, қоғамдық жұмыстардың да бел ортасында жүретін, ұлттық мәселелерге келгенде кемшілік көрсе, соны түзеуге әрқашан ықылас-пейілін танытып тұратын жан. Оның кәсіби және қоғамдық жұмыстары жерлестері тарапынан жоғары бағасын алып, оған Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағы берілген болатын.

Жайық аға өткен жылдың соңғы күндерінде тағы бір ерекше қуанышқа кенелді. ТМД Электрэнергетикалық Кеңесінің шешімімен ТМД-ға еңбек сіңірген энергетик атағы берілді. Жаңа жыл қарсаңында оған Сәтбаев қалалық электрмен жабдықтау кәсіпорнында осы атақтың куәлігі мен төсбелгісі салтанатты жағдайда табыс етілді. Аталмыш марапаттаманы тапсырған кәсіпорын басшысы К. Аманов: «Жайық ағаны ендігі жерде «ТМД мойындаған энергетик» деп атасақ жарасымды болады», – деген еді. Бұдан артық не айтуға болады?!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ,

«Мысты өңір» газеті,

10.01.2014



АРДАГЕРГЕ АВТОКӨЛІК СЫЙЛАДЫ

Облыстық «Мемэнергиябақылау» бөлімінің басшысы, Анненск кенішінің бас энергетигі жолдарынан өткен Жайық Мұңсызбаев қырық жылдай кеншілер қаласындағы электр желілері кәсіпорнында еселі еңбек етті. Ол – Қазақстанның және ТМД елдерінің еңбек сіңірген энергетигі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атанып, зейнеткерлікке зор абыроймен шыққан еді. Жайық Рамазанұлының ұзақ жылғы лайықты еңбегін бағалап, айрықша құрмет көрсетуді ұйғарған «Қазақмыс» корпорациясының басшылығы ардагерге темір тұлпар сыйлады.

Осыған орай, электр желілері кәсіпорнында салтанатты жиын өтті. Еңбек ардагерінің өз мамандығының асқан майталманы болғанын алға тарта сөйлеген әріптестері оның өнегелі еңбегінің жастарға жұғысты болуына тілек қосты. «Қазақмыс-Дистривьюжн» ЖШС бас директоры Валерий Сивагатулин еңбек өренінің өңір өндірісінің дамуына қосқан қомақты үлесі жайлы атап айта келіп, шынайы алғысын білдірді, «Нива» автокөлігінің кілтін салтанатты түрде тапсырды. Шәкірттері де қуана құттықтады.

Жәкең – жастардың бірнеше буынын баулыған тәлімді тәлімгер, энергетиканың ерен саңлағы. Құрметті еңбек демалысына шыққанымен қарап отырған жоқ. Енді «Қазақмыс» корпорациясының технологиялық колледжінде жас мамандарды оқытып, ұстаздық қызметпен айналысып жүр.

*Амандық РАХҰЛЫ,
«Орталық Қазақстан» газеті*



«ҚАЗАҚМЫСТЫҢ» ТАРТУЫ

Адам үшін адал еңбегінің әділ бағасын алғаннан асқан құрмет жоқ. Сәрсенбінің сәтінде Сәтбаев қаласындағы электр желілері кәсіпорнының ұжымы Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі және ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі Жайық Мұңсызбаевтың құрметіне ұйымдастырылған арнайы салтанатқа жиналды. Өйткені...

Ол – өзінің саналы ғұмырының елу жылын энергетика саласына арнаған азамат. Сонау алпысыншы жылдары институтты тәмамдаған соң еңбек жолын бастаған Сәтбаев қаласындағы электр желілері кәсіпорнынан тапжылмаған Жәкең нақ осы кәсіпорыннан құрметті еңбек демалысына шықты.

Еңбек адамын құрметтеуді, оның мәртебесін көтеруді мақсат тұтқан «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басшылығы Жайық Рамазанұлының көп жылғы адал еңбегін бағалап, оның елге сіңірген еңбегін әспеттеп, «Нива» автокөлігін сыйға тартуды ұйғарыпты. «Қазақмыс-Дистрибьюшн» ЖШС бас директоры В. Сивагатулин Жайық Мұңсызбаевқа «Қазақмыс» корпорациясының дамуына қосқан сүбелі үлесі үшін компания басшылығы атынан ризашылық сезімін білдіріп, темір тұлпардың кілтін салтанатты түрде табыс етті.

Жиында Ж. Мұңсызбаевты әріптестері, шәкірттері құттықтап, игі тілектерін білдірді. Бір ғажабы, құрметті еңбек демалысына шықса да еңбектен қол үзбеген Жәкең қазіргі кезде «Қазақмыс» корпорациясының технологиялық колледжінде жас буынға дәріс оқып, ұстаздық қызметпен айналысуда.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
«Шарайна» газеті



БОЛМЫСЫ БӨЛЕК, БІТІМІ ДАРА

...Көкем Жайық Мұңсызбаев жайлы көп білем ғой дейтінмін. Сол ойға іштей сенімді едім, расында. Сондықтан да алда-жалда көкем туралы көкейге түйген көрікті ойларымды, санамда түзілген салмақты пікірлерімді қағазға түсіре қалсам, жалы мен кекілін жел тараған жүйріктің кейпіне енердей сезінетінмін өзімді... Олай емес екен...

Көкем жайлы көп білетінім күмәнсіз. Ол кісіге деген бала шақтан белең алған тәнтілік, есейе түскен сайын «Болмасаң да, ұқсап бақ...» делінетін тәмсілге ден қоюшылық – осылай деуіме толыққанды негіз. Алайда болмысы бөлек, бітімі дара, кемелдігі керемет аға туралы аз әңгімеге көп пайымды сыйғызу – қиынның қиыны екенін білмеппін...

* * *

*Кенде емес қой қазақтың халқы ырыстан,
Жақсы адамда жоқ шығар жалпы дұшпан.
Жайық аға, баршаға беделдісіз,
Сізді құрмет тұтады бар туысқан.*

*Жұртпыз ғой жүгін артар ерге нардың,
Езге емес, ерлеріне сенген әркім.
Өзіңізді ардақтар ағайынның
Ішінде, білемісіз, мен де бармын!*

*Жақсы адамға жақсы жар ұсынды Алла,
Жақсылық тілейсіз бар мұсылманға.
Сізді іздейміз әр кезде қуанғанда,
Сізді іздейміз кей кезде қысылғанда.*

*Өмір сізді шыңдады өрге салып,
Көрместер түйені де көрмесі анық.
Сіз болған отырыста, жиындарда
Біз арқаны жүреміз кеңге салып.*

*...Сізге деген таңданыс тұр санада,
Орнықты болармысыз мұншама, аға!
Елу жыл келе жатсыз қызмет қып,
Қозғалмай, бір мамандық, бір салада.*

*Ерлерін дәріптеген дана халық,
Ұшырдым шашу-жырды шағалы қып.
Тынымсыз еңбегіңіз жатыр бүгін
ТМД аймағында бағаланып...*

Бұл – айтыс өнерінің ақтангері, «Дәридай» ақын Мұқаш Сейтказиновтың менің көкем (оның да көкесі) Жайық Рамазанұлы Мұңсызбаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің Электр энергетикасы бойынша кеңесінің шешімімен өткен жылдың желтоқсан айында ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі мәртебелі атағын алғанда алыстағы ауылда жатып жолдаған жүрекжарды құттықтау лебізі. Қуанышты бөлісуге пейілді ақын азамат мерейі өсіп, шабыты шамырқанғанда менің... менің ғана емес-ау, көкемді білетін, мейлінше мойындайтын, жанына жақын тартып, айрықша қастер тұтатын көп елдің айтар ойын өзіне ғана тән шеберлік үрдісімен алты шумақ өлеңге еш қиналмастан сыйғызып-ақ жіберіпті. Әсірелеуден ада, боямадан таза – шынайы шындық!

* * *

Иә, тұтас елге тегіс ұнамды бола білу – қасиеттілік!

Көкем нақ бүгін – 15 тамызда 70 жасқа толады. Жаратушы жар болса, алда – мерейлі тойы. Ғұмыры мағынаға толы жанның алқалаған ағайынның алдындағы абыройы – алты атанға ауыр жүк. Соның астарында иманды ізгілік, қапысыз қамқорлық, рухани тазалық, терең таным, өнегелі өре, ұлағатты ұлтжандылық, шексіз білім мен шежірешілік, әдемі әншілік (зайыбы – менің Зоя тәтеммен немесе немересі Данамен қосылып шырқағанда) және басқа да, санай берсең, он саусағың сан рет бүгілетін асыл қасиеттерінің жатқаны ақиқат.

Мемлекеттен, жергілікті атқарушы, өкілетті билік органдарынан, өзі жарты ғасырдан астам үзіліссіз еңбек еткен «Қазақмыс» корпорациясы басшылығынан алған сый-сияпаты жетіп-артылады. ТМД энергетиктерінің тұғырлы құрметін айттық, көкем одан тысқары Қа-

зақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі атағының иегері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

Тәубесінен танбаған тұлғаның тұңғышы – Алманияда (Германияда) білікті маман. Голландияда бес-алты жыл келісімшартпен жұмыс істеп оралған ортаншысы абыройлы еңбекті Алматыда жалғастырып жатыр. Қара шаңырақтың иесі – кенже баласы – Қаныш атындағы қалада, өзінің қасында. Мерейтойдың негізгі ұйымдастырушылары – солар.

* * *

Әдемі қарта білу – тектілік!

Мен соны көкемнің бойынан үнемі көремін.

Алдыңда басыңның бағасын білер ағаның болуы қандай бақыт!

Көкеммен бірге көңілім өсіп көп жүрдім. Сәтін салып, сан рет сапарлас болдым. Талай мәрте тағылымды әңгімесін тыңдадым. Бәлкім, содан болар, ішіндегі сыртқа шығармайтын шер-мұңдарының да шет-жағасын сеземін...

Таяуда тағы да сағынысып кездестік. Ұлытаудың Шеңберіндегі өзіме тете інім Сағаттың Жезқазған қаласына құда-жекжаттарды арнайы дәмге шақырған мерекелі, берекелі басқосуында. Асабалық тізгін – «Дәридай» ақында. Ұлытаулық әлеуеті зор әнші Сәли Байболов сағындырған әндерді сырнайға қосылып сорғалатты дейсің бір... Кезек «Бауырларым» атты ерекше сезім пернелерін дөп басар аса тартымды әнге келген...

Әсерлі әнге елтіп, қосыла ыңылдап тұрғанымда көзім түсіп кеткені... Әлгінде ғана жайдары күйдегі көкем егіліп отыр екен... Жүрегімнің елжірегені-ай сонда... Жанарымнан тамған жасты тыя алсамшы...

* * *

Ертеректе Қырғыз елінде «Сен анаңды не үшін жақсы көресің?» деген тақырыпта шығармашылық байқау жарияланыпты. Байқауға қатысуға үміткерлердің жас мөлшеріне шектеу қойылмаса керек. «Мүйізі қарағайдай» танымал жазушылар өз туындыларын ұсынған бәсекелі сында сол кездері мектептің бірінші сыныбында оқитын Шыңғыс Айтматов та бағын сынап, қорытындысында бас бәйгені еншілепті. Жас баланың өзгелерге шаң қаптырған сол шығармасында:

«Анам мені жақсы көреді, сол үшін мен анамды жақсы көремін», – деген жалқы сөйлем жазылған екен.

Сол секілді, біз көкемізді жақсы көреміз! Бізді жақсы көргені үшін!..

* * *

Ел іргесі тыныш та, көкем аман болса екен!..

Ол бізге ғана емес, ұлт руханияты жетімсіреген, жалпы мейірімі жұтандау бүгінгі біздің қоғамға керек адам!..

Мұқаш ақынның әдемі өрілген әлгі өлеңіне түйін ретінде тілге оралған бір шумақты «тіркеп» жібергім келіп тұрғаны:

*Әлі де алыс болсын «ғайып мекен»,
Алладан соны тілеу айып па екен?
Мейірім нұрын төгіп бәрімізге,
Жасай бер 100-ге дейін, Жайық көкем!..*

Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Қарағанды қаласы,
15.08.2014



ЕЛУ ЖЫЛ ЖАРАСЫМ ТАПҚАН

Қоғамның ұйытқысы да, алтын арқауы да – отбасы. Отбасы мықты болса, мемлекеттің де еңсесі биік болмақ.

Қай елде болсын берік те берекелі отбасылар баршылық. Олар – өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көріп, талай қиындықты бастан өткерген, өмірге ұрпақ әкеліп, оларға саналы тәрбие беріп, өмір бойы адал еңбек еткен жандар.

Жезқазған-Ұлытау төңірегінде Жайық Мұңсызбаев пен оның зайыбы Алтын Молдағалиеваны білмейтін адам бірен-саран. Жайық аға мен Алтын апа аймағымыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, «Шаттықты шаңырақтың иелері» деген атаққа ие. Өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген ақ сақалды ата мен ақ жаулықты ананың шаңырақ көтергендеріне – биыл жарты ғасыр.

Республикаға аты танымал болған Рудник кентіндегі №7 орта мектептің түлектері бірін-бірі сырттай ұнатып, кейін екі жас Алматыдағы жоғары оқу орнын тәмамдап келген соң, 1968 жылы шаңырақ көтерді. Отау иесі Жайық Мұңсызбаев энергетика саласының білікті хәм жоғары дәрежелі инженері, тәжірибелі маман болса, Алтын Молдағалиева «Қазақмыс» корпорациясының Солтүстік және Шығыс Жезқазған кеніштерінде экономикалық жоспарлау бөлімінде басшылық қызмет атқарды.

Жайық ағаның энергетика саласына сіңірген еңбегі зор. Елу жыл бір салада табан аудармастан еңбек етіп, әр жылдары басшылық, жетекшілік қызметтерді жауапкершілікпен атқарды. Мемлекеттік энергия бақылау облыстық бөлімшесінің бастығы, мемлекеттік тау-кен бақылау Жезқазған аймағының бас энергетигі, Анненск кенішінің, Жезқазған шахта проходкалау тресінің №4 басқармасының бас энергетигі, жиырма екі жылға жуық электр желісі кәсіпорнында бас инженердің орынбасары, өндірістік бөлім басшысы қызметтерін атқарды. Бүгінде құрметті еңбек демалысына шығып, бейнетінің зейнетін көруде.

Саладағы мінсіз қызметі үшін Жайық Рамазанұлына Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі атақтары берілді. Сондай-ақ, халықаралық «Үздік

адамдар» энциклопедиясына енді. ТМД елдерінің Құрметті энергетигі атағына лайық деп танылды.

Ел алдында ер азаматтың беделінің жоғары болуы оның Құдай қосқан қосағына байланысты болса, Жайық ағаның осындай дәрежеге жетуінде Алтын Бірәліқызының еңбегі ұшан-теңіз. Ерінің қас-қабағын бағып, жұмысынан шаршап келгенде жағдай жасап, күтіп алып, шығарып салу, ер азаматын сыйлап, құрметтеу Алтын анамыздың о баста қалыптасқан қағидасы болды. Тәрбиелеп өсірген қыздары мен ұлдарына бірін-бірі сыйлауды, отбасы құндылығын бірінші орынға қоюды үйретті.

Жайық аға өз бауырларына қамқор аға, балаларына ақылшы әке бола білді.

Бүгінде тоқсанның төріндегі қарт аналары Бәдиша Молдағалиеваның батасын алып, өсіп-өнген Жайық аға мен Алтын апаның шаңырағы шаттыққа толы. Бір қыз, екі ұлдан тараған немерелер – ата-әжелерінің көз қуанышы. Тұңғыштары Ардақ – жоғары білімді маман, отбасының ұйытқы болар отанасы. Германияда жауапты қызметте. Үлкен ұлдары Абай Алматыда түтін түтетіп, сонда еңбек студе. Ал кенжелері Абзал – Шығыс Жезқазған кенішінің озат та үздік қызметкері. Немерелері де білімге, өнерге жақын. Олардың алды Айдана бүгінде Голландияда білім алып жатса, ата жолын қуған Арыстан – Алматы энергетика институтының студенті.

Отбасынан бақыт тауып, елу жылғы жұптық өмірдің «Алтын тойын» тойлаған Жайық Рамазанұлы мен Алтын Бірәліқызы: «Қазақстандық отбасылардың берекесін арттыру үшін қазақтың отбасылық дәстүрлерін жаңғырту керек», – дейді.

Иә, расында да, қазақтың дәстүрлі отбасы құндылығы сақталған жерде ғана отбасы бірлігі артады. Ерлі-зайыптылардың отбасын сақтап, ұрпақ көбейтуінде олардың өз отбасынан алған тәрбиесінің орны ерекше болмақ.

Бағдат АЙТӨРЕ,
«Мысты өңір» газеті,
10.08.2018

ЕКІ ЖАҚСЫ ҚОСЫЛСА, АЙ МЕН КҮНДЕЙ ЖАРАСАР...

«Құдай қосқан жарыммен жарасымды жұбымыз жазылмай, жақсы тірлік етіп, жұбайлық өмірдің ыстық-суығын бірге көтеріп, қиындыққа қайыспай жүре берсек деймін. Сондай-ақ, балалардың қызығын көрсек, ең үлкен қуаныш пен бақыт – сол. Халқымызда «Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар, екі жаман қосылса, ырылдасып тарасар» деген дана сөз бар. Сондайдың бетін ары қылсын...»

Бұл – елу жыл отасып, тату-тәтті тұмыр кешкен бақытты жұп – Жайық Рамазанұлы мен Зоя Бірәліқызының риясыз сөзі.

Оқырманға түсінікті болуы үшін айта кетейік, күні кеше, 10 тамызда Жайық ағамыз бен Зоя тәтеміз өздерінің «Алтын тойларын» атап өтті. Біз де мерейтой иелерін қуаныштарымен құттықтай барып, жарасқан жұптың жарты ғасырлық өмір жолдарымен танысып қайтқан едік.

Жайық Мұңсызбаев ағамызды оқырмандарға таныстырып жатудың өзі артық. Беріден қозғасақ, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері мен Қазақстан Республикасының Құрметті энергетигі. Ал әріден қозғасақ, Жайық аға – әулетінен энергетик. Оны өзі зор мақтанышпен айтады.

– «Қазақтың қолынан мал бағудан басқа келмейді» деген қағиданы бұзғандардың бірі – менің әкем. Кешегі отызыншы жылдардың басында осы өндірісті ортаға келіп, ел ауызекі тілде «Рабфак» атап кеткен училищеде электрик мамандығын алып, Қарсақбайда, одан кейін Байқоңырда жарық беру стансасында жұмыс істеді. Ол кезде қазіргідей жоғары кернеулі электр желісі жоқ. Зауытқа да, шахтаға да, үйлерге де ток қуатты дизельдер арқылы беріледі. Оның да өзіне тән қыры мен сыры бар. Әкем соны игеріп, мінсіз жұмыс істеді. Мен де сол әке жолын қуып, энергетик болып ұзақ жыл тер төктім, – дейді Жәкеңмен әңгімелесе қалсаңыз.

Бұл жолы біз ерлі-зайыптының еңбек жолынан гөрі отбасылық өмірі, танысу, табысу кезеңдері жайлы әңгіме өрбіттік. Ұзын-ырғасы төмендегідей.

– Біз Жезқазған поселкесіндегі №7 мектепте оқыдық. Мен бір сынып жоғары оқыдым. Зояны сырттай танытынмын. Кейін Алматыда оқып жүргенде кездестік. Ол кезде жерлес іздеп, жиналып, кештер ұйымдастыратынбыз. Оқу бітіруімізге бірер курс қалғанда Халық шаруашылығы институтында оқитын Жезқазған өңірінің қыздарын шақырдық сондай бір кешке. Ішінде осы Зоя да болды. Алғашқы жылдардағыдай ауылдан жаңа келген «сарыауыз» балапан емеспіз, қаланың тісқақты жігіті болып қалған шақ. Ә дегеннен үйіріп әкеттім. Мектептегі кездерді еске алдым. Ақыры екеуміз жиі жолығып, серуендеп тұратын болдық.

Мен оқу бітіріп, ауылға оралған соң бір жылдан кейін Зоя келді институтты тәмамдап. Мамандығы – экономист. Бір жылдай жұмыс істеп, ақыры 1968 жылдың 10 тамызы күні тойымызды өткіздік. Содан бері, міне, 50 жыл бойы жұбымыз жазылмай келеді, – дейді Жайық аға жайраң қағып.

– Біздің осынша жыл «шәй» деспей өмір сүруімізге әке-шешелеріміздің де тағылымды тәрбиесі үлкен септігін тигізді.

Жәкеңдер – Терісаққан өзенінің бойынан, мен Қаракеңгір өзенінің бойынан болам. Атам мен енем мені өз қыздарындай, менің әкем мен шешем Жәкеңді өз ұлдарындай көрді. Құда-құдағилар бір-біріне қонаққа барғанда кішігірім тойдай болатын. Құда-құдағилар қосылып ән салады. Бізге де ән айтқызады. Арқа-жарқа болып әңгіме-дүкен құрады. Біз соны көріп өстік, балаларымызға да сондай тәрбие беруге тырыстық.

Атам мен енем өмірден өтті. Менің әкем де қайтыс болды. Ортамызда менің анам қалды. Менің ғана емес, ол – Жәкеңнің де анасы. Өйткені шешем біздің қолымызда. Ал оны мұнда әкелген – осы Жәкең.

Әкем қайтқанда менен кейінгі сіңлім жас болды да, шешеме сол қарады. Кейін ол тұрмысқа шықты. Екі бөлмелі үй алды осы Сәтбаевтан. Жолдасы шахтада жұмыс істейді. Балалары бар. Ол үйге шешемді жіберудің өзі ыңғайсыз еді. Жәкең «Біздікі – жер үй, апама далаға кіріп-шығуға ыңғайлы, біздің қолымызда тұрсын» деп ауылға барды да, бір күнде көшіріп әкелді. Қазір тоқсанға таяды. Қолымызда тұрады, той-томалақ, құдайы-асқа Жәкең жетелеп апарып, алып келеді. Балаларым да әжелеп қасында жүреді, – дейді Зоя апай бақыттан жүзі бал-бұл жанып.

– Сөзіңізге қарағанда, отағасыңыздың айтқанын екі етпейтін жанға ұқсайтын сияқтысыз ғой, – дедім әңгіме арнасын бұрып.

– Иә, – дейді тәтей тағы да риясыз, – шынымен солай. Отбасымда күйеуімнің мінезі үстемірек. Билік отағасымның қолында. Отбасының қалған мүшелері оның тілегі мен әмірін орындауға тырысамыз. Меніңше, мұндай қарым-қатынас орнаған отбасында тәртіп болады. Яғни, үлкендерге бағыну арқылы үйде тәртіп орнайды, балалары – ата-анасына, әйелі – еріне дегендей.

Көне дәстүр бойынша да бұрынғы ата-бабаларымыз отбасында ер адамды әйелден жоғары қойып, бағалаған ғой. Ер адамды қадір тұтқан. Сол арқылы балаларды да адамгершілікке, үлкенді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеген. Сенімді азаматы бар отбасында береке мен бірлік те берік орын алады деп ойлаймын.

– Ыдыс-аяқ сылдырламайтын үй болмайды. Екеуара ренжісіп қалғанда кешірімге бірінші боп жол беретін кім? – дедім әңгімені өрбіте түсіп.

– Әйел – отбасының ұйтқысы, берекесі, шуағы. Онсыз үйге күн де жылуын төкпейтіндей. Олай болса, әйел ерінің қас-қабағын бағып, көңілінен шыға білуі керек. Сол себепті үйдегі «ауа райының» жайлылығы әйелге байланысты болмақ.

Ерім ашулана бастаса, оның көңілін табуға тырысамын. Біресе оңына, біресе солына шығып, өзім бірінші боп татуласуға қадам жасаймын. Бәлкім, кейбір әйелдер секілді ерегісіп, мінез көрсетіп, теріс қарап жатып алуға да болатын шығар. Бірақ мұндай қылық көрсетпеппін. Жалпы, өзім жақсы көрген адамдарымды ренжіткім келмейді, – деді Зоя тәтей де ағынан жарылып.

...Жарты ғасыр ғұмыр кешкен отбасылық өмірге сызат түспей келудің өзі осы бір-біріне деген сыйластық пен түсіністіктің арқасы шығар.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
«Шарайна» газеті,
17.08.2018

ЕҢБЕГІНЕ ҚАРАЙ – ҚҰРМЕТ

Өскен өңіріне махаббатын, сүйіспеншілігін ерен еңбегімен, қажырлы қызметімен білдірген азаматтар кенді қаламызда да баршылық. Солардың қатарында Жайық аға Мұңсызбаев та бар. Ол туған жерді түлету жолында жастайынан байыпты тірлік, жүйелі жұмыс істеп келеді. Бүгінде жетпіс бес жастың биігіне шыққан, елге еңбегі сіңген ардагер Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жаны таза, жүрегі жұмсақ, көңілі көктем, пейілі дарқан жандардың жанынан ешқашан адам арылмайды. Мұндай адамдармен алғашқы кездесудің өзі жадында мәңгілікке жатталып қалады.

Жайық Рамазанұлы 1944 жылы тамыздың шіліңгір ыстығында Рудник кентінде дүниеге келген екен. 1961 жылы сол жердегі №7 қазақ орта мектебін бітірсімен арман қуып Алматы қаласына жол тартты. Сондағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетіне бірден оқуға түсіп кетті.

1966 жылы институттың жолдамасымен қайта туған жеріне оралып, жұмысқа орналасады. Негізгі еңбек жолы Жезқазған қаласындағы «Kazakhmys Distribution» ЖШС» электр желілері кәсіпорнында өтті.

Ерен еңбегінің арқасында 2003 жылы Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағы берілді. Ал 2010 жылы ҚР еңбек сіңірген энергетигі атағын алса, 2013 жылы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының еңбек сіңірген энергетигі атағын иеленді.

Жастайынан бойына сіңірген тәжірибесі мен атқарған тынымсыз еңбегі оны әлі де биіктерге көтеріп келеді. Күні кеше ол еңбегіне қарай тағы да құрметке бөленді. Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановтың Алғыс хатымен марапатталды.

Бүгінде үш баланы өсіріп, немерелерінің шаттығына бөленіп отырған Жайық Мұңсызбаев отбасында қадірлі, ортасында сыйлы, қызметте құрметті екені сөзсіз.

*Айдана СӘУЛЕБЕК,
«Шарайна» газеті,
30.08.2019*

ТМД ТАНЫҒАН ТҰЛҒА

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, энергетика саласының ардагері Жайық Мұңсызбаев ағамызды осылай деп дәріптесек, әсте артық болмас еді. Бұл сөзді кезінде электрмен жабдықтау кәсіпорнының басшысы К. Аманов та айтып, Жәкеңе «Еңбек сіңірген энергетик» атағын табыстап тұрып: «Жайық ағаны ендігі жерде «ТМД мойындаған энергетик» деп атасақ, жарасымды болады», – деген екен.

Міне, осы күллі ел құрметтеген қадірлі ағамыз Жайық Рамазанұлы Мұңсызбаев, Алла қаласа, келер жылы сексеннің сегізгіне шығады. Осынау мерейтойына орай ағаның кәсіби мерекесі – Энергетиктер күні қарсаңында азамат жайлы аз ғана ой толғап, сексен жылдық тойдың шымылдығын түрсек деп едік.

Бүкіл саналы ғұмырын энергетика саласына арнаған Жайық аға – әулетінен энергетик. Оны өзі зор мақтанышпен айтады.

– «Қазақтың қолынан мал бағудан басқа келмейді» деген қағиданы бұзғандардың бірі – менің әкем. Кешегі отызыншы жылдардың басында осы өндірісті ортаға келіп, ел аузында «Рабфак» аталып кеткен училищеде электрик мамандығын алып, Қарсақбайда, одан кейін Байқоңырда жарық беру стансасында жұмыс істеді. Ол кезде қазіргідей жоғары кернеулі электр желісі жоқ. Зауытқа да, шахтаға да, үйлерге де тоқ дизельдер арқылы беріледі. Оның да өзіне тән қыры мен сыры бар. Әкем соны игеріп, мінсіз жұмыс істеді. Мен де сол әке жолын қуып, энергетик болып ұзақ жыл тер төктім, – дейді Жәкеңмен әңгімелесе қалсаңыз.

Жәкеңнің әкесі Рамазан Мұңсызбаев – 1934 жылдан 1955 жылға дейін энергетика саласында еселі еңбек еткен кісі. Кешегі сұрапыл соғыс жылдарында броньмен тылда қалып, Байқоңырдың көмір шахтасына қуатты дизель моторлары арқылы электр энергиясын беріп, тындырымды істер атқарды. Ал 1955 жылдан 1971 жылға дейін №42 және №47 шахталарда еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Ұзақ жылдар еткен еселі еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Еңбек Қызыл Ту» ор-

денімен марапатталды, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген кеншісі, Кеңес Одағының Құрметті кеншісі атақтарын иемденді. Қазақстан Коммунистік партиясының ІХ съезіне делегат болып қатысты.

Міне, осындай еңбек ерінің отбасында дүниеге келген Жайық аға да елдің алдында жүр. Бүкіл саналы ғұмырын энергетика саласында өткерген Жәкең өз саласының білгір маманы болумен қатар, қоғамдық жұмыстардың да бел ортасында жүретін, ұлттық мәселелерге келгенде кемшілік көрсе, соны түзеуге әрқашан ықылас-пейілін танытып тұратын жан.

Жәкеңнің негізгі туған жері – Терісаққанның бойы. Осы өңірдегі Қоралыбұлақ деген жерде кіндігі кесіліпті. Бір құрсақтан үш азамат туды. Үлкені – осы Жәкең. Одан кейінгі ұл – Еділ. Ол 40 жылдан астам «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етті. Кенже інісі Аппаз да осы ағаларының жолын қуып, өндірісте еселі еңбек етіп жатыр.

– Менің туған жерім Терісаққанның бойы болғанымен, өскен ортам кешегі Жезқазған поселкесі еді. 1951 жылы Байқоңырдың көмір шахтасы жабылып, біздің үй осы жаққа қоныс аударды. Мен сол жылы 1-сыныпқа бардым. Мақтанғаным емес, жақсы оқыдым. Мектепті алтын белгімен бітіретін едім. Тек 9-сынып оқып жүргенімде қатты сырқаттанып, оқудан көп қалып қойдым. Әйтсе де, 1961 жылы Жезқазған кентіндегі №7 қазақ орта мектебін үздік бітіріп шықтым. Сол жылы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетіне оқуға түсіп, әке жолын жалғастырдым, – дейді Жайық аға өзінің өмір жолы жайлы әңгімелей келіп.

«Өнеркәсіпті және қалаларды электр энергиясымен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша дипломдық жұмысын өте жақсы деген бағаға қорғап шыққан Жайық Мұңсызбаев жас энергетик болып, қолына дипломын алды. Ал 1967 жылдың 10 ақпанында жолдамамен «Жезказгангипроцветмет» жобалау институтына жұмысқа келді.

– Жалпы, мен энергетика саласында 50 жылдан артық еңбек еттім. Әр түрлі қызметтер атқардым. Жезқазған облысы бойынша «Госэнергонадзор» бөлімшесінің бастығы, «Госгортехнадзордың» Жезқазған аймағы бойынша бас энергетигі сияқты лауазымдарды атқардым. Солардың ішінде, менің ұзақ жыл еңбек еткен ортам Электр желілері кәсіпорны (ПЭС) болды. Еңбек жолым осы жерде қалыптасып, осы жерде мол тәжірибе жинақтадым. Білімімді көтердім. Осы мекемеде 22 жыл табан аудармай қызмет еттім. Ең бастысы, әке ісіне адал болдым. Мінсіз атқардым. Оным ескерусіз қалған жоқ. «Қазақмыс»

корпорациясының басшылары, қала әкімі бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен марапаттады. 2003 жылы Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағын алсам, 2010 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, 2013 жылы ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі атақтарын алдым. Кеңес Одағының да, Қазақстан Республикасының да «Еңбек ардагері» төсбелгілерін тақтым. 2018 жылы «Қазақмыс» корпорациясында ұзақ жыл еңбек еткенім үшін «Құрметті еңбек ардагері» атағын алдым. 2011 жылы халықаралық энциклопедияның «Үздік адамдар» тізіміне қосылдым. Осылардың бәрі менің көп жылғы абыройлы еңбегімнің жемісі деп білемін, – деп марқаяды Жайық аға.

Әңгіме барысында ағаның отбасылық өмірі, жары Зоя Бірәліқызымен танысу, табысу кезеңдері жайлы әңгіме өрбіттік.

– Біз Жезқазған поселкесіндегі №7 мектепте оқыдық. Мен бір сынып жоғары оқыдым. Зояны сырттай танитынмын. Кейін Алматыда оқып жүргенде кездестік. Ол кезде жерлес іздеп, жиналып, кештер ұйымдастыратынбыз. Оқу бітіруімізге бірер курс қалғанда Халық шаруашылығы институтында оқитын Жезқазған өңірінің қыздарын шақырдық сондай бір кешке. Ішінде осы Зоя да болды. Алғашқы жылдардағыдай ауылдан жаңа келген «сарыауыз» балапан емеспіз, қаланың тісқақты жігіті болып қалған шақ. Ә дегеннен үйіріп әкеттім. Мектептегі кездерді еске алдым. Ақыры екеуіміз жиі жолығып, серуендеп тұратын болдық.

Мен оқу бітіріп, ауылға оралған соң бір жылдан кейін Зоя келді институтты тәмамдап. Мамандығы – экономист. Бір жылдай жұмыс істеп, ақыры 1968 жылдың 10 тамызы күні тойымызды өткіздік. Содан бері, міне, 50 жыл бойы жұбымыз жазылмай келеді, – дейді Жайық аға жайраң қағып.

...ТМД-ға танымал тұлға – Жайық Мұңсызбаев аға жайлы айтар әңгіме әлі көп. Оны бір мақалаға сыйғызу мүмкін де емес. Ағаның өнегелі өмір жолдарын айтпағанда, бүгінгі қоғамға қажетті ой-танымдары мен өңірді электр қуатымен қамтамасыз етуді жаңғырту жолындағы ілкімді жобаларының өзі бір-бір мақалаға жүк болардай. Алла сәтін салып жатса, олар жайлы да алдағы уақытта тарқата жазатын боламыз.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ,

«Saryarqa» газеті,

08.12.2023



Әкесі – Мұңсызбаев Рамазан




Анасы – Қаппасова Зұлқия




Өмірлік серігі Молдағалиева Алтын Бірәліқызымен



№7 Қазақ орта мектебінің 9-класс оқушысы,
мектептің комсомол ұйымының хатшысы



Рудный қаласы. Институт бітірердегі практика –
дипломдық жұмысқа кірісу



Студент кездегі достар



Інілері Еділ және Аппазбен. 1967 жыл




Үйлену тойға шақыру. 1968 жылғы 10 тамыз



Неке қиюды тіркеу сәті. 1968 жылғы 27 шілде



Тұңғышы Ардақ мектепке барған кез. 1976 жыл



Үлкен ұлы Абай мектепке барған кез. 1978 жыл



Кіші ұлы Абзал балабақшада. 1981 жыл



Әріптесі Абитов Ибаділдамен. 1974 жыл



Бір факультетте оқыған достар. 1965 жыл



Ағалы-інілі азаматтар отбасыларымен. 1980 жыл



Абай мен Мира. 1995 жыл



Құдасы Маханов Мағмұр және құдағиы Рәзия балаларымен. 1995 жыл



Ұлы Абзалдың отбасымен



Немересі Рүстем



Құдасы Далбаев Кенбай және құдағиы Ағайдарова Рахимамен. 2002 жыл



60 жасқа толған күн. 2004 жыл



Құдағиы Станиславамен бірге. Эрфурт қаласы. 2005 жыл



Немерелері Айдана, Даниярмен. Нидерланды. Гаага қаласы



Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағын алған сәт. 2003 жыл



Адам мен Ардақ. Алматы. 2004 жыл



Сәтбаев қаласының Құрметті азаматтары



Советбек және Нағимамен бірге. 2015 жыл



Басагер інісі Куаттың той дастарханында



Ардақ отбасымен. 2016 жыл



Немерелері Данияр, Дастан, Әнуар



Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі атағы берілгенде әріптестерімен



2013 жылы ТМД-ның Электроэнергетика кеңесінің шешімімен
ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі атағы берілді



Ағайынды үшеу отбасыларымен




Бауырларымен бірге. Арқалық қаласы. 2017 жыл



Бауырларымен. Жезқазған қаласы



Хақназар шөберенің тойы. 2024 жыл



Арыстан мен Балжан



Шөбересі Хақназар үлкен ата-әжесімен



«Қазақмыс» корпорациясы атынан «Қазақмыс-Дистрибьюшннің» басшысы В.Б. Сибатулин автокөліктің кілтін тапсыру сәті. 2017 жыл



ҚҰРМЕТ ҚАҒАЗЫ ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

НА Г Р А Ж Д А Е Т С Я

Мунсыздаев Жаан Рамазанович

*В связи с профессиональным праздником - Днём энергетика,
За достижение высоких производственных показателей
и активное участие в общественной жизни.*

Первый-вице-председатель Правления -
Генеральный директор

ТОО «Корпорация Казакмыс»

М.К. Алимбергенов



Председатель профкома
ТОО «Корпорация Казакмыс»

А.Ж. Гуралиш

г. Жезказган - 2006 г.



ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТЬ ТРУДА — ЭТО В ПОСЛЕДНЕМ СЧЕТЕ, САМОЕ ВАЖНОЕ, САМОЕ ГЛАВНОЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ НОВОГО ОБЩЕСТВЕННОГО СТРОЯ.
ЛЕНИН.

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

ТОВАРИЩ МУНСЫЗБАЕВ ЖАИК РАМАЗАНОВИЧ
НАГРАЖДАЕТСЯ ПОЧЁТНОЙ ГРАМОТОЙ ДИРЕКЦИИ И ПРОФСОЮЗ-
НОГО КОМИТЕТА ДЖЕЗКАЗГАНСКОГО ОРДЕНА ЛЕНИНА ГОРНО-
МЕТАЛЛУРГИЧЕСКОГО КОМБИНАТА ИМ. К. И. САТПАЕВА ЗА
ДОСТИГНУТЫЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ, АКТИВНОЕ
УЧАСТИЕ В ОБЩЕСТВЕННОЙ ЖИЗНИ КОЛЛЕКТИВА И В СВЯЗИ
С 56-ГОДОВЩИНОЙ ВЕЛИКОЙ ОКТЯБРЬСКОЙ СОЦИАЛИСТИЧЕС-
КОЙ РЕВОЛЮЦИИ.

ДИРЕКТОР КОМБИНАТА
В. ГУРБА

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРОФКОМА
А. САГЫНДЫКОВ

г. Дзезказган



ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОДИНЯЙТЕСЬ!

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

НАГРАЖДАЕТСЯ ТОВ. МУНСЫЗБАЕВ ЖАИК РАМАЗАНОВИЧ - ГЛАВНЫЙ
ЭНЕРГЕТИК УПРАВЛЕНИЯ ОКРУГА - ЗА ПЛОДОТВОРНЫЙ ТРУД В
ОРГАНАХ ГОСТОРТЕХНАДЗОРА, В СВЯЗИ С 60-ЛЕТИЕМ ОБРАЗОВАНИЯ
КАЗАХСКОЙ ССР И КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА.

НАЧАЛЬНИК УПРАВЛЕНИЯ
ДЖЕЗКАЗГАНСКОГО ОКРУГА
ГОСТОРТЕХНАДЗОРА КАЗССР

Мисра М. ТОКТАМЫСОВ

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ МЕСТКОМА

Исхан П. ИЗВЕКОВ

1980 209



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ОБЛЫСТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ӨМІРІНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСҚАНЫ,
ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚОҒАМ ҚҰРУ ІСІНДЕГІ ЖЕКЕ ЕҢБЕК ЖӘНЕ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮЛЕСТЕРІ ҮШІН

Жайық Рамазанұлы

МҰҢСЫЗ БАЕВ

МАРАПАТТАЛАДЫ

Қарағанды облысының
әкімі



Н. Нығматалин



ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСКАНЫ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА
КОСҚАН ҮЛЕСІ МЕН АДАЛ ЕҢБЕГІ ҮШІН

МҰҢСЫЗБАЕВ

Жаик Рамазанұлы

МАРАПАТТАЛАДЫ





УДОСТОВЕРЕНИЕ

Мунсызбаев
Жайық
Рамазанович

за долголетний добросовестный
труд от имени Президиума
Верховного Совета СССР

решением исполкома

Янаульского
областного

Совета народных депутатов
от 16 ноября 1990 г.

награжден медалью

«ВЕТЕРАН ТРУДА»

Совет народных депутатов
Янаульского

Совета народных депутатов

М. П.

«14» декабря 1990 г.

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚУРЫЛЫМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

«ЕҢБЕК АРДАГЕРІ»

төсбелгісінің
күәлігі №2644

МҰҢСЫЗБАЕВ

Жайық Рамазанұлы

Жауапты
хатшы

М.Пішембаев

М.О.

МИНИСТЕРСТВО ИНДУСТРИИ
И ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Удостоверение №2644
к нагрудному знаку

«ЕҢБЕК АРДАГЕРІ»

МУНСЫЗБАЕВ

Жайық Рамазанович

Выдано

№998-2 от 04.12.1990

(дата, № приказа)

**Электроэнергетический Совет
 Содружества Независимых Государств**
*За заслуги в развитии электроэнергетики
 государств - участников СНГ*



МУНСЫЗБАЕВУ

Жаику

Рамазановичу

*присвоено почетное звание
 "Заслуженный энергетик СНГ"*

Президент
 Электроэнергетического
 Совета СНГ



А.В.Новак

**СӘТБАЕВ КАЛАСЫНА
 50 ЖЫЛ**



**КУӘЛІК
 УДОСТОВЕРЕНИЕ**

Мунсызбаев
 (аты тегі - фамилия)

Жайық
 (аты - имя)

Домозонович
 (өкесінің аты - отчество)

"Сәтбаев қаласына 50 жыл"
 мерекелік медалімен марапатталды

Сәтбаев қаласының әкімі Ш. Әубәкір
 М.П. *Ш. Әубәкір*

« 13 » 09. 2023 жыл/год



Екінші бөлім



**АҚ ТІЛЕКТЕР
АҒЫНЫ**

ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒА, МАЙТАЛМАН МАМАН

Жайық Рамазанұлын мен 1970 жылдардың соңы, 1980 жылдардың бас кезінен біле бастадым. Ол кезде Жәкең үлкен маман ретінде, облыс көлемінде белгілі тұлға ретінде танымал еді.

Менің де бітірген мамандығым энергетик болғаннан кейін әрі жұмысым да энергетика саласында болғандықтан ол кісіні ертерек танып-білуім заңды еді. Облыстық «Энергонадзор», «Гостехнадзор» салаларында басшылық еткен кездерінде газеттен, радио мен телевидениеден көріп, сырттай танып, біліп жүретінбіз.

Жайық Рамазанұлымен алғашқы кездесуім 1980 жылдың аяқ кезінде «Жайрем ГОК»-та болды. Ол кезде мен сол комбинаттың бас энергетигінің орынбасары болатынмын. Сол уақыттан бастап Жәкеңді өз саласының нағыз маманы, білімді, адамгершілігі мол азамат, білікті инженер ретінде танып білдім.

1990 жылдардың соңында мен «Қазақмыс» құрамындағы ПЭС-те басшылық еткен кезімде Жәкеңді бірге қызмет атқаруға шақырдым. Біраз ойланып, ақыры келісім берді. Сөйтіп, Жәкеңнің мол тәжірибесі мен біліктілігі біздің жұмысымыздың алға жылжуына көп пайдасын тигізді. Бүгінде 80 жастың сеңгіріне көтерілген, жасы ұлғайса да қатардан қалып көрмеген бұл кісінің мол тәжірибесі мен тәлім-тағылымы бүгінгі күні де «Қазақмыс» шахталарындағы кеншілерге үлкен пайдасын тигізуде.

Жәкең мен жеңгеміз – қазіргі уақытта «Ұлын – ұяға, қызын қияға қондырған» деген ұлағатты сөзге толық лайық жандар.

Жайық Рамазанұлының жалпы қоғамға, туған еліне сіңірген еңбектері «Қазақмыс» корпорациясы, қала, облыс, республика көлемінде ұдайы ескеріліп жатады. Өйткені ол кісі қандай құрметке де әбден лайықты.

Сөз соңында Жәкеңе айтарым: 80 жас мерейтойыңыз құтты болсын! Жеңгей екеуіңіздің денсаулықтарыңыз мықты болсын! Әрдайым аман-сау болып, бала-шағаларыңыздың ортасында өмірдің тамаша тартуларын қызықтап жүре беріңіздер!

Өзденбай-Ағайша

АБЫРОЙ

*(Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы,
ТМД-ның Құрметті энергетигі Мұңсызбаев Жайық ағамызға)*

Бар қошемет, бар мақтауға лайық,
Жанымызда жақсы ағамыз жүр Жайық.
Ұл-қызының ортасында мәуелі
Бәйтеректей жапырағын тұр жайып.

Селт етпейді сексенде де, әлі тың,
Жарқ-жұрқ ойнап жанарында жарық күн.
Немере мен шөберені өргізіп,
Қызықтайды Құдай берген бақытын.

Аманат боп ата тектен тартылған,
Айнымайды қарапайым қалпынан.
Еткен еңбек, абырой-даңқ жетерлік,
Алған алғыс, көрген құрмет халқынан.

Ілім іздеп, білім қуып ержетті,
Жұмыс десе, тыным тауып көрмепті.
Сол еңбектің арқасында бүгінде
Энергетик ТМД-ға құрметті.

Жақсылыққа қуанасың жетсе елің,
Келешекке апарады тек сенім.
Жүзге қарай жүйткіп бара жатырсыз,
Жайық аға, құтты болсын сексенің!

*Мұса ТІЛЕУОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы*

ЖАЙЫҚ ДЕГЕН АҒАМ БАР...

(Жайық аға Мұңсызбаевқа)

Сексенге келгеніне сендірмейтін,
Сөйлесе, ешкімге де жеңдірмейтін,
Сәтбаевта ағам бар Жайық деген,
«Сұңқары жігіттердің – менмін!» дейтін.

Киіп алып басына шляпасын,
Көшеге маң-маң басып шығады шын.
Көлігін де қояды жарқыратып,
Көріктінің көзіне ұнау үшін.

Жиындардан сөйлемей қайтқан емес,
Жалған сөзді ешқашан айтқан емес.
Жалпақ жұрттан жүрсе де алғыс алып,
Жақтырмайтын жандарға жаққан емес.

Төгілген моншақ тері сорғалаған,
Табылмас төңіректен мұндай адам.
Теңдесі жоқ энергетик екендігін
ТМД-ның өзі де мойындаған!

Жақсы менен жаманның парқын ұғар,
Жақсылыққа жүрегі жақын тұрар.
Жұрт секілді жүрмейді алтын іздеп,
Жекеменшік өзінің Алтыны бар.

Солай, аға, сексеннің төріндесің!
Сыйлысың, қадірлісің еліңе шын.
...Су ішкенше қолынан шөпшегіңнің
Таусылмайтын Тәңірім ғұмыр берсін!

*Абдолла ДАСТАНОВ,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы,
ҚР Ақпарат саласының үздігі,
Қазақстанның Құрметті журналисі*

САРЫАРҚА БАЙЛЫҚТАРЫ

*Сәтбаев қаласының құрметті ақсақалы
Жайық Мұңсызбаев – 80 жаста*

Сарыарқа – кең даласы қазағымның,
Бұл – дала Балқаш-Ұлытау арасының.
Ақбөкендер дүбірі бұл өлкеде –
Дүбіріндей батырлар жасағының.

Сиректеу дер бұл өлке жаңбырының,
Құрғақшылық – белгісі-ау тағдырының.
Сонда да болса Сарыарқа – еліміздің
Қоймасындай жер асты байлығының.

Бұл байлықты аталар пайдаланған
Зергерлік дүниеге ерте бастан.
Қаныш аға кейіннен бұл байлықтың
Өндірістік деңгейде көзін ашқан.

Бүгінде Жезқазған атты бұл қалада
Жұмыс істеп тұр комбинат, мыс зауыт та.
Жер асты байлықтарын игеруге
Еңбек етеді көп адам шахталарда.

Сонау бір Алатаудан келдік біз де,
Жұмыс істеуге осында елмен бірге.
Достасып жергілікті жастармен біз,
Бір жүрдік жұмыс істеп осы жерде.

Жергілікті жастардың бірі – Жайық,
Бекірелі Жайықтай – бұл да байлық.
Мінезге бай, жол табар көңіліңе,
Ұшқыр қияр, әзілқой, досқа лайық.

Алматыда Жайықпен бірге жүрдік,
Оқу оқып, бір жүріп ойнап-күлдік.
Оқу бітіп, Жезқазғанға қайтып келіп,
Комбинат істеріне бойлап кірдік.

Осылайша өткердік жастық шақты,
Еңбек еттік алыпта ДГМК атты.
Ел байлығына осылай үлес қостық,
Біріміз сыртта, біріміз түсіп шахты.

Еңбектену осылай жалғасып жатты,
Айналыстым жылумен қыста қатты.
Жайық жүрді жабдықтап елді тоқпен,
Үлес қосып айрықша іске нақты.

Бұл еңбегі елеусіз қалмай жалпы,
Құрметті атақтарды ол алып жатты.
Үкімет те құрметтеп, досымыздың
Кеудесіне алып кеп орден тақты.

Бүгінде де жүр Жайық істен қалмай,
Болса да ол зейнеткер жылдар талай.
Қоғамдық істерге де араласады,
«Демалыс» деп үйінде жатып алмай.

Құтты болсын бүгінгі 80-ің де!
Жүзден асып, бара бер сәл әріге.
Талай жасқа жете бер шаршамастан,
Абыз қарты болып бір сен еліңе!

Сәттар ҮСЕНБЕКҰЛЫ

80 ЖАСТЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН БЕЛЕСІ!

Құрметті құдамыз Жайық Рамазанұлы!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 80 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгін, міне, өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқасүйері болып отырсыз.

Адам өміріндегі ең үлкен бақыт – адал еңбек ету, баянды отбасын құрып, бала-шағаның қызығын көріп, ұзақ ғұмыр кешу десек, бұлардың әркімге бұйыра бермейтін сыбаға екені рас.

«Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле», – деп ұлы Абай атамыз айтқандай, адал да тынымсыз еңбек етуді ғұмырыңызға алтын арқау қылып, осы күнге дейін істеген сол адал және тынымсыз еңбектің арқасында бақытқа кенеліп отырған жансыз.

Еңбектің еленгені – кімге де болса абырой, қуаныш, көңілге үлкен медет. Қасиетті Ұлытау өңірінің энергетика саласының қалыпты жұмыс істеп тұруына және дамуына қосқан зор үлесіңіз үшін үлкен марапаттарға ие болдыңыз.

Өмірдің асқаралы асулары болады. Ол биіктік қанша жасқа келгенімен емес, азаматтың атқарған ісімен өлшеніп, ақыл-парасатымен анықталып, жүрген жүрісінен және сөйлеген сөзінен білінеді.

Азаматтық арыңыз бен кісілік келбетіңізге дақ түсірмеген, қандай іс болса да ақыл таразысына салып, ой бесігінде тербетіп, көңіл қанаатына қондырып шешетін, байыпты да байсалды азаматсыз.

Адамды қай кезде де болмасын жүрген ортасына сыйлы ететін басты шарт, әрине, танымы мен біліктілігі, сонымен қатар, адамгершілік кескін-келбетінің келісті болуы. Жан дүниеніздегі ізгілік, үлкенге – іні, кішіге аға бола білуге бейімділік, төңірегіңіздегілерді жікке бөлмейтін қамқор пейіл, тізе берсе таусылмайтын тағы да басқа тамаша ерекшеліктер – өзіңізге тән тағылымды сипаттар. Бойыңыздағы осынау ізгі қасиеттердің жетіп-артылатынын туған-туысқандарыңыз ғана емес, сізді білетін әріптестеріңіз бен жұрттың барлығы мойындайды.

Отбасыңызға, туған-туысқандарыңызға, жора-жолдастарыңызға, құда-жекжаттарыңызға жүрегіңіз таза, көңіліңіз адал, адамдар жа-

нын терең түсінетін сезімтал, бауырмал, кішіпейіл, ақ көңіл, сыпайы, жұмсақ мінездеріңізбен қадірлі жансыз.

«Қарақұс тапқан-таянғанын бауырына басып жейді, ал ақсұңқар олжасын жан-жағына шашып жейді» деп қазағымыз жомарт азаматтарды ақсұңқарға теңесе, сол ақсұңқарлардың бірі – Сіз деп есептейміз. Өйткені талай жерлерде жомарттығыңызды да көргенбіз.

«Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс» деп бір ойшыл айтқандай, өміріңіздің бар мәні – ұрпағыңызға дұрыс тәрбие беру екенін жақсы түсініп, сол үшін жасаған еңбегіңіздің жемісін, міне, бүгін көрудесіз.

Табиғат адам бойына қабілет дарытады, ата-анасы тәлім-тағылым береді, бірақ олардың бәрін дамыту және алға алып кету әр адамның алған тәлім-тәрбиесіне, талабына және еңбексүйгіштігіне байланысты.

Құтты шаңырақтарыңызда өсіп-өнген ұл-қыздарыңыз ата-анасының жақсы тәрбиесінің арқасында бүгін өнегелі отбасының иелері болып отыр.

Өмірлік серігіңіз және сүйген жарыңыз Зоя құдағи екеуіңіз балаларыңызға ұшарға қанат, шабарға талап беріп, оларға өмірлік үлгі-өнеге болып келесіздер.

Жомарт жүректі құдамыз Жайық Рамазанұлы, Сізге – тоқсан жасқа қарай тартқан көшіңіз көлікті болуын, өкініш пен өкпесі аз, қуаныш пен қызығы көп ғибратты ғұмыр, түтіні түзу шыққан, жылуы мен татулығы берік және сыйластық пен береке қонақтаған отбасыңызға қуат пен береке, арманның аяулысын, бақыттың баяндысын тілейміз!

«Өткен күн – қымбат, келер күн – жұмбақ» дегендей, сол болашақ жұмбақ күндеріңіз бақытқа, қуанышқа, сәттілікке толы болсын!

Ағайын-туыстың құрметіне, немерелер мен шөберелердің шат күлкісіне, балаларыңыздың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіз!

*Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған
80 жастың құтты болсын белесі!*

*Текті атаның ұрпағысыз, асқарсыз,
Кімге болсын құшақты кең ашқансыз.
Кішілерге қамқор болып жол нұсқап,
Қуанышына бәрінің де тасқансыз.*

*Азаматсыз уәде мен сөзге бекем,
Мінезіңіз жоқ мәрттіктен өзге бөтен.
80 жасқа жетіп кепсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.*

*Сіз дегенде көңілден күй тамардай,
Кең тұлғаңыз қажымас қара нардай.
Ақ шашыңыз көркіңізге сән береді,
Биік таудың ерімейтін ақ қарындай.*

*80 жас – қарттық емес, қазына жас,
Немерелер мен шөберелердің назына мас.
Біз Сізге бақ тілейміз ортаймайтын,
Басыңыздан ешқашан ажырамас!*

*Құдаларыңыз: Қанат, Бақытжан, Батырлан, Марғұлан, Бағлан;
құдағиларыңыз: Ағия, Алмаш, Әлия, Алмагүл, Нүргүл, Юлия;
құдашаларыңыз: Ләззат, Асылзат, Камшат*



ӘКЕ АМАНАТЫ

*немесе арда азамат, абыз ақсақал,
қадірменді құда – Жәкең жайлы бір толғам*

Елдің елеулісі, халықтың қалаулысы Жайық ағай мен Зоя тәтемізді 2006 жылдың наурыз айынан бастап тани бастадық.

Ұлымыз Сабыржан шаңырақ көтеріп, Арғын елімен құда болдық. Дәлірек айтқанда, Ахат Құрмансейітұлы мен Таслима Оразалықызының «бір тал гүлі» Мөлдірді келін етіп түсірдік.

Ол кезде Ахат құдамыз Қаражал қаласы әкімінің орынбасары болып қызмет атқарушы еді. Одан кейін Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне әуелі жауапты хатшы, сәл кейінірек Бас редактордың орынбасары болып тағайындалуына байланысты Қарағанды қаласына қоныс аударды. Бір сөзбен айтқанда, біз құда болған алғашқы жылдары Ахаң бірталай уақыт сыртта жүрді.

Сол кезде маған әкем, Жезді өңірінің абыз ақсақалы болған Қожабекұлы Сағынтай: «Ахат құда қызмет бабымен алыстау аймақта жүр. Өзара сыйластықтарың тамаша болса да, жиі жүздесіп, арқа-жарқа болып, күнделікті кездесіп жүрулеріңе мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан сен осы Сәтбаев қаласында тұратын Жайық пен Зояны өзімнің тікелей құда-құдағиым деп қабылда. Солармен жиірек араласып-құраласып тұр. Сенің құдаң – сол кісілер болсын», – деп айтып еді.

Әкемнің өсиет пен аманатқа бергісіз осы сөзін мен бұлжытпай орындап келемін. Жайық аға мен Зоя тәте – бүгінде біздің ең жақын туысымыздай, ерекше жақын болып кеткен, қажет кезінде ақыл-кеңесін де айтып отыратын, кәдімгі өз ағамыз бен жеңгеміздей болып кеткен кісілер.

Қазір Ахат пен Таслима құдаларымыз қасымызда, өзіміз мекен еткен Сәтбаев қаласында тұрып жатыр. Жиі жүздесіп, мәз-мейрам болып жатамыз. Әйтсе де, Жәкең мен Зоя тәтеміздің орындары біз үшін әрдайым бөлек болып тұрады. Ахаң мен Тәкең қасымызға келді екен деп, ол кісілерді ешқашан ескерусіз қалдырған емеспіз. Лайым осы сыйластығымыз бен ынтымағымыз ұзағынан болғай!

Жаратушыға мың да бір тәубе. Өмірлік серігім Зухра екеуміз бүгінде Сабыржан мен Мөлдірден үш немере сүйіп отырымыз.

Отбасының берекесі, туған-туыстың ұйтқысы бола білген Жәкеңе мына келіп жеткен мерейлі тойының қарсаңында отбасымыздың атынан мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін! Зоя тәтемізбен бірге балаларының, немере-шөберелері мен шөпшектерінің қызығын көруді нәсіп етсін!

Сөз соңын мынандай бір шумақ өлеңмен түйіндеуді жөн көріп отырмын:

*Ағажан, сексен жаста алқынбаңыз,
Қалады тарландардың артында із.
Ағайын арасына дәнекер боп,
Жүз жаста алдаспандай жарқылдаңыз!*

Асхат ТЕМБАЕВ



АЯУЛЫ ДА АБЗАЛ ЖАНДАР

Жайық құданың 80 жасқа толуына арналған осы кітапқа өзімнің лебізім мен ой-толғанысымды қосуға ниеттеніп, қолыма қалам алғанымда бұдан 25-26 жыл бұрынғы бір оқиға ойыма оралды.

Үлкен апамның Әлия деген қызы тұрмыс құруға ниеттеніп, той қамына кірісіп кеттік. Әрине, кім болса да құда-құдағиының жақсы да жайсаң жандар болғанын тілейді ғой. Біздің де ішкі жан дүниемізде осындай тілек бар еді. Тілеуімізге орай құда-құдағиларымыз аяулы да абзал жандар болып шықты.

Жайық құда елге танымал азамат, іскер басшы, айтулы энергетик екен. Зоя құдағи да қадірменді құдамызға қай жағынан болсын әбден лайық, өзі де, сөзі де келісті жан болып шықты. Бірден түсінісіп, сыйласып кеттік.

Міне, содан бері қанша жылдар жылжып өтсе де, арамызда – әлі күнге дейін сол сыйластық, сол құрмет. Менің әрбір жетістігіме екеуі бірдей қуанып, мерейімді көтеріп отырады. Кітабым шығып еді, Жәкең соны бастан-аяқ мұқият оқып шыққанын айтып, мақтауымды жеткізді.

Жәкеңнің өзім анық аңғарған ерекше бір қасиеті: айналасындағы адамдарға ұдайы көңіл бөліп, не нәрсені де терең зерделеп, айта қаларлықтай әр іске, әр адамға лайықты бағасын беріп, қолдап, қуаттандырып, мерейін өсіріп отырады. Бұл – екі адамның бірінің қолынан келе бермейтін азаматтық һәм мәрттік!

Жәкең мен Зоя құдағи – балаларын жақсы тәрбиелеп өсіріп, бүгінде немерелерін баптап отырған бақытты жандар. Жақында шөбере сүйді.

Тағы бір байқағаным: Жайық құда әр немересінің сабағын қадағалап, оқытып отырады. Жаны солардың үстінде. Соған сай, немерелері де алғыр, өз қатарларының алды болып өсіп келеді.

Ал енді Жәкеңнің джентельмендігі, яғни баяғының сал-серілері іспетті қасиеті – дербес бір әңгімеге арқау болатын нәрсе.

Зоя тәтенің дүниеге келген айы – қаңтар. Өзіміз танып-білгелі Жәкең әр жыл сайын өзінің жарының туған күнінде, қақаған қыс, ұйыт-

қыған дүлей боранға қарамай, тірі раушан гүлдерін сыйлап келеді. Және бұл үрдістен ешқашан жаңылып көрген емес. Соған тәнті боламыз!

80-нің сеңгіріне шықса да, бүгінде екеуі тойларда ән айтып, би билеп жүр. Ал екеуі қосылып ән шырқағанда «Шіркін-ай!» деп таңдай қақпайтын адам жоқ!

Мерейтойыңыз құтты болсын, Жәке!

100 жасаңыздар, мерейлі жандар! Жақсы адамдарым! Қазағымның қаймақтары! Өресі биік, асыл жандар!

Гүлсара НҰРСЕЙІТҚЫЗЫ



ЖӘКЕНЕ ҚҰРМЕТ!

*Келді бүгін 80-ге біздің Жайық,
Құтты болсын айтамыз құшақ жайып.
Ақ жүрекпен тілейміз жақсы тілек,
Жамандықтар өмірден болсын гайып.*

*Жайық, сенің айналаң аман болсын,
Бақ құсы іздеп дәйім саған қонсын.
Төрт құбылаң түгел боп, әрқашан да
Жақсылықта жолығар заман болсын.*

*Асыл дос, мерейтойың құтты болсын!
Несібең әрқашан да толы болсын.
Бұл зұмырдың тілейміз бар жақсысын,
Бастарыңа әрқашан бақыт қонсын!*

Жайық, сен – жас та, кәрі де үлгі алар өнегелі адамсың. Ағайын-туыс, жолдас-жора, әріптестер ортасында қашанда сөздің адалын, істің турасын айтасың. Парасат-пайымың терең. Адамгершілігің зор. Дәл осы қасиеттерің сені елден ерекшелендіріп тұрады.

Тілектеспіз! Аман-есен болып, ұрпақтарыңның қызығына кенеле беріңдер!

Ақ тілек арнаушылар – Тоқтар-Манат



АҒАҒА АРНАУ

Құтты болсын мерейтой, Жайық ағам,
Небір мақтау, құрметке лайық адам.
Кенде емессіз мадақтан, марапаттан,
Деген жоқсыз солармен байып алам.

Небір істе болдыңыз озат, дара,
Танымалсыз орысқа, қазаққа да.
Энергетик жалауын биік ұстап,
Танылдыңыз кеңінен Одаққа да.

Еңбекпенен жайылды дүр атыңыз,
Ел ішінде аңыз боп жүр атыңыз.
Небір тойдың кіргізер мағынасын,
Мақтанамыз ерен деп «батымыз».

Соңыннан ерді Еділ мен Аппазыңыз,
Жайнап өсті екі ұл мен бір қызыңыз.
Ата жолын қуыпты немереңіз,
Риза болып қол соқтық бүкіліміз.

Жаңғырттыңыз қазақтың салтын сөнген,
Мәрт аға деп өзіңе халқың сенген.
Бар ісіңе жәрдем беріп, қолдап жүрген
Баға жетпес асыл жар – Алтын жеңгем.

Тойың тойға ұлассын, асыл жандар,
Көпке үлгі, жасампаз ақылмандар.
Айналаға нұр шашып, белсенді боп,
Жүз жаста да тоқтама, басылмаңдар!

Қанағат СМАҒҰЛОВ,

*Ішкі істер мен прокуратура саласының құрметті ардагері,
Ұлытау облысының Аға бийі*

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАЙЫҚ АҒА

Жақсы адам туралы жазба жазғым келіп тұрады. Жеңілдеп қаламын. Санаңа салмақ салып, жүрегіңе жүк артатын күйбең тірлік пен пендешіліктің ауылынан бір уақыт алыстап, жан дүниен жадырап қалады. Жақсы адамдар, олардың кісілігі мен кішілігі, өмір, сыйластық жайындағы түсінігі жабырқаған жаныңа жалау болып, өмірге деген құштарлығыңды арттырады.

...Аллаға мың да бір шүкір, ғұмыр жолымда жақсылармен жанысып, жайсаң жандардың шапағатына бөленіп келемін. Әкеден жастай қалғандықтан болар, аға буын өкілдері арасынан жүзінен мейірім төгіліп, жүрегінен шуақ ағылған Аға көрсем, тура Әкемді көргендей, сол адамға үйірсектей қаламын. Мұндай жандар өмір жолымда көптеп кездесті. Солардың бірі – Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі, Арғын елінің абызына айналған қадірлі аға Жайық Мұңсызбаев.

Жайық ағамен алғашында құдандалы-жекжаттық жолмен туысып, танысқан едік. Кейіннен, Жайық аға Арғынның тумасы болғандықтан (анам – Арғын-Қаракесектің қызы), нағашылы-жиен болып, бір-бірімізге деген сыйластығымыз арта түсті. Еркелеймін. Ол көтереді. Ол еркелейді. Мен көтеремін.

Адалдығы мен еңбекқорлығы арқасында абыройға кенеліп, бір Алла өзі алқаған жан. Зоя тәтеміз екеуі ұрпақ қызығына кенеліп, бақытты ата-әже болып отырған жайы бар. Өсіп-өнді, ұлды өсіріп – ұяға, қызды өсіріп – қияға қондырды.

Шіркін, Зоя тәтемің дастарқанын айтыңыз! Жайық ағаның жайлау төріндей жайсаңдығын да, биік парасаты мен кемел кісілігін де жайдары мінез, даладай дастарқан, баладай кіршіксіз пейілімен көмкеріп тастаған Зоя шешейдің ниетінде шаңның түйіріндей бөтен ой жоқ. Жарасымды жұп! Бірін-бірі толықтырып, көркем мінез, көпшіл болмыс, көшелі кісіліктерімен көш бастап келеді.

Кеншілер қаласының дамуына, өндірісті өлкедегі энергетика саласының дамуына қосқан өлшеусіз үлесі мемлекет тарапынан лайықты бағасын алған. Ал адами болмысындағы тазалығы мен адалдығы, мейірбандығы мен адамгершілігі халықтың құрметіне бөлеп, абырой асуына шығарды.

Мен болсам, осындай текті азаматпен сыйласып ғұмыр кешкеніме, осындай біртуар жанға жиен болып еркелегеніме, туыс болып жуысқанымға өзімді бақытты санаймын!

Осындай жақсы адам, жайсаң аға сексен жастың сеңгіріне қадам басып, мерейлі қуанышқа кенеліп жатыр.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын, Жайық аға!

Жақындасқан жанға жылу сыйлаған мейірімді жүрегіңіз ғасырдан асқанша дамылдамасын! Халыққа, өндіріске жылу мен жарық сыйлаған еңбегіңіз Ұлытау-Жезқазған өңірінің тарихына алтын әріппен жазылды. Ұлы бесіктің Ақсақалдар алқасында абыройыңыз артып, сырбаз қалып, жайсаң болмысыңыздан айнымай, ұзақ ғұмыр кеше беріңіз, жаны жайсаң Жайық аға!

Нағашысы Сіздей болған жиендер қауымының да жамандығы бола қоймас...

Жасай беріңіз, нардай Нағашым!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,

*Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты,
«Аманат» партиясы Қарағанды облыстық
филиалының төрағасы*



ӨМІРЛІК СЕРІГІМ, АРҚА СҮЙЕР АСҚАР БИІГІМ

*«Бара жатқан зымырап байқалмайды уақыт,
Бұл не деген қуаныш, бұл не деген бақыт!..»*

Мінекей, менің өмірлік серігім Жәкең 80 жасқа келді.

Біздің отау құрғанымызға биыл 56 жыл болады.

Жәкеңді мен №7 қазақ орта мектебінде оқыған кезден білемін. Ол мектепте жақсы оқыды. Мектептің комсомол ұйымының хатшысы болды. Алтын медальмен бітіретін еді. Бірақ жарты жылдай ауырып, содан жақсы бағамен бітірді.

1961 жылы Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетіне түсті. 1966 жылы инженер-электрик мамандығы бойынша дипломын өте жақсы деген бағамен қорғап, арнайы жолдамамен Жезқазғандағы Жобалау институтында («Жезказгангипроцветмет») еңбек жолын бастады. Мен келесі жылы Алматыдағы Халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітіріп келдім. 1968 жылы 10 тамызда отау құрдық.

Жәкең – намысшыл, әділ, мәдениетті, білімді, өз мамандығын жоғары дәрежеде меңгерген азамат. Ойға алған ісін, алға қойған мақсатын қалайда орындауға тырысады, орындайды. Ал енді өзі берген тапсырмаларды қатаң қадағалап, талап етеді.

Ұзақ жылдар энергетика саласында еңбек етті. Жемісті еңбегі үшін иеленген марапаттары да баршылық. Олардың қандай марапаттар екенін көпшілік те жақсы біледі. Бүгінде бір Алланың қалауымен ұл-қыз өсірген, құдандалы-жекжатты, немере-шөбере сүйіп отырған ата-әжеміз.

Бір шаңырақтың ғана емес, тұтастай ордалы бір әулеттің үлкеніне айналыпсыз. Үш перзент тәрбиелеп өсірдік. Барлығының отбасы, бала-шағасы бар. Жақсы кісілермен құда болдық. Жарылқаушы Аллаға мың мәрте шүкіршілік!

Жәкең – текті, сыйлы әулеттің үлкен ұлы. Жәкеңнен кейінгі ұлдары Еділ мен Аппаз да ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отырған абыройлы азаматтар.

Бұл әулеттің үлкендері мен келін болып табалдырық аттағаннан өз қыздарындай көріп, бауырларына басты. Атам мен әжем – әрқашан туыстарға қамқор бола білген жандар еді. Ауылдағы туыстардың балалары біздің үйде жатып оқу оқыды, еңбек етті. Сол кісілердің салған ізімен жүріп, қазіргі уақытта біз де ағайын-туысқа, өскелең ұрпаққа қолымыздан келгенше қолдау көрсетіп отырамыз. Өз басым мұның бәрін кешегі күні мені бауырына басып, батасын берген атам мен әжемнің алдындағы борышым, парызым деп есептеймін.

Құдай қосқан қосағым Жәкең – осындай ата-анадан тәлім алған, асылдың сынығындай азамат. Менің әке-шешем де көпке сыйлы, абыройлы кісілер еді. Олар да менің жолдасымды жақсы көріп, сый-құрметпен қарады. Бұл орайда Жәкеңнің менің ата-анама деген құрметін, азаматтығы мен адамгершілігін айтпай кетуге болмайды.

Ол менің әкем қайтыс болғаннан кейін анамды өзі үйге алып келіп, орналастырып, өмірден өткенше бағып-қағуға көмектесті. Міне, азаматтықтың жоғары дәрежесі.

Біз үшін Жәкеңнің замандас достарының әрқайсысы бір төбе еді. Өкінішке қарай, энергетика саласындағы біраз әріптес жолдастары өмірден өтіп кетті...

Кезінде қатар қызмет істеген көптеген әріптестері арасындағы қарым-қатынас отбасылық достыққа ұласып еді. Балаларымыз да қатар өсті.

Жақын туыстай сыйласқан құдаларымыздың барына қуанамын. Бір-біріміздің қызық-қуанышымызға әрқашан жұбымыз жазылмай, бірге куә боп келеміз.

Әулетіміздің ұрпағын жалғастырған ақ келіндеріме, баламыздай болып кеткен күйеу балаларыма үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

Отағасы Жәкеңмен арамыздағы сыйластыққа бірге ғұмыр кешкен елу алты жылда еш сызат түсіп көрмеді. Бір-бірімізді үнемі сыйлап, түсініп, құрметтеп келеміз. Мен отағасымның кез келген шешіміне әрқашан да түсіністікпен қарап, айтқанын орындаймын.

Балаларымызды жеткізіп, немерелеріміздің үлкендерін оқытып, бүгін соның жемісін көріп отырмыз. Немерелердің алды Айдана мен Арыстан жоғары оқу орындарын бітіріп, мамандықтары бойынша жұмыс істеп жатыр. Дана магистратурада оқиды, Данияр университетте білім алууда. Олардан кейінгі немерелер мектепте оқиды.

Биылғы 2 ақпанда шөберелі болдық. Хакназар, Әділ деген шөберелеріміз бар.

Түйіп айтқанда, Жәкеңмен бірге ғұмыр кешуді нәсіп еткен тағдырыма разымын. Жаратушы һәм жарылқаушы Аллаға сансыз шүкіршілік айтамын.

Лайым ел аман болсын! Елім дейтін ер аман болсын!

Айналамдағы ізгі ниетті жандардың баршасына, ағайын-туысқа, құда-жекжатқа, дос-жаранға, ізімізден еріп келе жатқан өскелең ұрпаққа жақсылық пен игілік тілеймін!

Алтын (Зоя) Бірәліқызы МОЛДАҒАЛИЕВА



АМАН ЖҮР, АСЫЛ АҒА!

Қазақтың халықтық тәрбиесінде аға мен іні сыйластығы үлкен маңызға ие. Ағаның жолы да, жөні де бөлек. Ал отбасы мен әулет деңгейінен асып, өзінің адами қалпымен, кісілік келбетімен жалпы көпшілік қауымның құрметті де қадірлі адамына айналған азаматтардың жөні мүлде бөлек. Тап осындай айтулы да абзал жандардың бірі – менің Жайық көкем.

Соңынан ерген бауырларына үнемі қамқорлық көрсетіп, ақылын айтып, қолынан келген жақсылығын аямайтын бұл ағамыз – бүгінде есімі елге мәлім, жалпы жұртшылықтың мүддесі жолындағы еселі еңбегімен танымал, алыс-жақын мен үлкен кішінің баршасына бірдей қадірлі жан.

Біз бір аулада іргелес орналасқан екі үйде отыз жылдай қатар, көрші тұрдық. Екі үйдің балалары бірге өсіп, тату-тәтті ғұмыр кешті. Бүгінде балалардың барлығы есейіп, әрқайсысы отбасын құрып, бір-бір шаңырақ болды.

Анамыз Зұлқия бұл жалған дүниеде сыйластық пен татулыққа ештеңе жетпейтінін біздің санамызға сіңіріп, үнемі: «Үлкендерді сыйлап, лайықты құрмет жасап, алғысқа бөленіп, өздеріңнің көргенді азамат екендеріңді көрсете біліңдер», – деп айтып отыратын.

Біз анамыздың сол ақылын көңілге түйіп, жасы үлкен жанның алдын кесіп өтпедік. Бүгінде өзіміздің балаларымыздың санасына сол тәлім-тағылымды сіңіруге күш салып жүрміз.

Жоғарыда Жайық көкемнің үйімен отыз жылға жуық көрші болғанымызды айттым. Балалар өсіп-жеткен соң, солардың қалауымен жаңа үй салып, қаланың басқа ауданына көштік. Бірақ ағамыздың шаңырағымен қарым-қатынасымыз үзілген емес. Үнемі бір-біріміздің хал-жағдайымызды біліп, хабарласып тұрамыз.

Көкемнің сырт көзге түсі суықтау болып көрінгенмен жүрегі жұмсақ, жаны нәзік. Бауырларына, балалары мен немерелеріне мейірімі мол.

Әулетіміздің үлкені, балаларымыздың атасы, бәріміздің тілеуқырымыз болып отырған көкемізге зор денсаулық, бақытты да ұзақ ғұмыр тілейміз!

Мерейтойыңыз құтты болсын, көке!

Еділдің отбасы

АЛДЫНДА АҒАҢ БОЛҒАН ҚАНДАЙ ЖАҚСЫ!

Біз – бір әке, бір анадан туып, бүгінде жер басып тірі жүрген бауырлар – үшеуміз. Ата-анамыздың бізден де басқа балалары болған екен, айтуларынша, кішкене сәби кездерінде әр түрлі себептермен шетінеп кетіпті.

Үлкен ағам Жайық (мен ол кісіні көке деймін) – 1944 жылғы, екінші ағам Еділ – 1954 жылғы, мен 1961 жылы дүниесігін ашқан екенмін.

Зымырап өтіп жатқан өмір. Үш бауырдың бір шаңырақ астында жүргені кеше ғана сияқты еді. Бүгінде әрқайсымыз өз бетімізше шаңырақ көтеріп, отбасы құрып, жеке-жеке өмір сүріп жатырмыз. Көкем – биыл 80-ге, Еділ ағам 70-ке толса, менің өзім 63-ке келіп қалыппын.

Ал енді мен осы көкем жөнінде бірер ауыз сыр-толғау айтсам ба деп отырмын.

Өткенге көз жіберіп, бір сәт ойланатын болсақ, біздің Мұңсызбаевтар әулетіне көкемнің сіңірген еңбегі өте зор деп есептеймін. Қазіргі жағдайда, қай-қайсысымыз болсақ та, мейлі, ол бауыр болсын, бала болсын, тіпті немерелердің де осы күндері жеткен жетістіктері, асқан белестері, шалқып-тасып жүргендері – бәрі де осы көкемнің арқасы. Басқасын қойғанда, менің өзіме сіңірген еңбегін мақтанышпен айтқым келеді.

Мен өзім әке-шешемнің қартайғанда көрген қызықтары болғаннан кейін бе, бала кезімде еркелеу, бұзықтау болып өстім. Сол кездері көкем маған ағам емес, әкем сияқты тәрбие берді.

Сәл ес білгеннен бастап көкемнің тәрбиесінде, қарауында болдым. Көкем менің болашағыма көп мән берді. Мән бергені емес пе, көкемнің арқасында мектепке барғанда кітапты мүдірмей, ежелемей оқитын едім.

Ойын баласымыз ғой, оның үстіне шал-кемпірдің баласымын, тыңдамай, ойынға қашып кететінмін. Сондайда көкем үйге ұстап әкеліп, сабақ оқытып қоятын. Сондағы 6 жастағы баланың сабағы мынадай: ол кезде әріптер жазылған ағаш кубиктер болатын, сол әріптерді жаттап, айтпай ойынға бару жоқ. Амалсыздан жаттауға тура

келеді. Көкемнің осындай еңбегінің арқасында мектепте жақсы оқып, алда болдым. Ол кездері бұл жақсылықты түсіну қайда, кейін ғой есіміздің кіріп жатқаны. Міне, менің көкем – осындай адам!

Айттым ғой көкемнің жақсылықтары көп деп, соның бірі – мынандай жағдай. Совет үкіметінің уақыты, орыстар бел алып тұрған заман, орысша білмесең, жағдайың қиын болатын. Көкем оны да ойластырып, мен орысша үйренсін деп, оған да тәсіл ойлап тапты.

Біздің Рудниктегі үйдің жоғары жағында татар баласы тұрды Дима деген. Өзі көбіне орысша сөйлейтін, өйткені орыс мектебінде оқиды. Көкем мені сол баламен достастырып, екеуміз бірге ойнап, содан мен орысша үйреніп шықтым.

Кейде отырып ойланам, біреулердің ағасы тұрмақ әке-шешесі дұрыс бағыт-бағдар бере алмағанда, менің көкем маған осындай жақсылықтар жасапты. Алланың разылығы болсын көкеме! Рахмет!

Көкем көп жылдар бойы энергетика саласында қызмет етті. Меніңше, ол кісі тек қана өндіріске қызмет еткен жоқ, еліне, халқына жанын аямай қызмет етті.

Қазір ойлап отырсам, «Госгортехнадзор» мекемесінде қызметте жүргенінде көкем талай жұмысшының өмірін қауіптен сақтап қалған екен ғой. Қалай десеңіз, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, оның бұзылмауына, кейбір басшылардың жоспарды орындау үшін көз қысты, бармақ басты жымысқы әрекеттерге бармауын қатаң қадағалаған. Осындай тәртіптің арқасында талай-талай авариялық жағдайдың алдын алып, оқыс оқиғалардың болмауына сеп болып отырған. Міне, осындай еңбегі үшін де ол кісі қызметтес әріптестер арасында орасан зор беделге ие болды.

Көптеген марапаттармен мадақталды. ТМД елдерінің еңбек сіңірген энергетигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атақтарының иесі.

Тәтем Зоя екеуі – үш бала тәрбиелеп өсірген бақытты отбасы. Үлкен қыздары Ардақ шетелде қызмет етсе, ұлдары Абай Алматы қаласында қызмет етеді. Кіші ұлы Абзал осы Сәтбаев қаласында жұмыс істейді. Немересі Арыстан ата жолын қуып, энергетика саласында қызмет етуде.

Мінекей, менің көкем – осындай адам. 80-ге келіп жатыр, құтты болсын! Алланың берген жасын жасап, бала-шаға, немере-шөбере-лерінің арасында аман-есен жүре беруіне тілектеспіз!

Анбаз МҰҢСЫЗБАЕВ

ӘКЕМ – АСҚАР ТАУЫМ

*Жас едім өмірге еркін бойламаған,
Күні ертең не боларын ойламаған.
Шарықтап кетсем де алыс қанат қағып,
Өзіңдей қамқор әке қайда маған?!*

*Сүрінсем, сынай қарап от жанарың,
Сен мені жақтамадың, ақтамадың.
Әрдайым осы қатал мінезіңнен
Күш алып, мақсатыма аттанамын.*

М. Шаханов

Кез келген саналы адам өткеніне көз жіберіп, өмір жолындағы іс-әрекеттерін ата-ананың берген ақ батасымен салмақтап, таразылайды. Бұл, әсіресе, елудің биігінен асқан жандарға тән болып келетін сияқты. Мен де солардың бірімін. Әкем Жайық Рамазанұлының 80 жас мерейтойы қарсаңында ол туралы ой толғап, әкемнің асқар тауға тән биіктігі мен асыл қасиеттері туралы сыр шертуді жөн көрдім.

Мен – отбасындағы балалардың үлкенімін. 1969 жылы қараша айында Рудник кентінде дүниеге келіппін. Рудник кентін ресми түрде Жезқазған қалашығы деп атайды.

1987 жылы Сәтбаев қаласындағы №19 мектепті ойдағыдай бітіріп, сол жылы КазГУ-дің филология факультетіне түстім. Оны тәмамдап, Жезқазған университетінде орыс тілінен сабақ бердім. Одан кейін Алматыда қызмет еттім. Сол уақытта болашақ жарым Адаммен танысып, 2004 жылы отау құрдық.

Қазір біз Германияда тұрамыз. Екі ұлымыз бар. Үлкен ұлымыз мектепті бітіріп, қазір университетте оқиды. Кіші ұлымыз мектеп қабырғасында. Өзім қазір Германиядағы университетті де тәмамдап, темір жол концернінде қызмет етіп жатырмын.

Жалпы көптеген отбасында қыз бала тәрбиесін көбіне толығымен анасына жүктеп қойып жатады. Алайда менің өз өмірімде әкемнің

орны айрықша деп есептеймін. Ол маған әрқашан қамқор болды, қамқор болып келеді.

Мектепте оқығанымда күнделікті сабақтардың тапсырмасын орындауымды өзі қадағалап отыратын. Әкем – жан-жақты білімдар адам. Сондықтан сабақтарды меңгеруімді қадағалау әкеме аса қиындық туғызбайтын.

Ол тек мені ғана емес, басқа балалары мен немерелерін де осылай оқытып, білімді болуларына көп еңбек сіңірді. Алла қаласа, шөбересін оқытуға жазсын деп тілеймін.

Әкем бізді адал, әділ, намысшыл болуға тәбиеледі. Өйткені оның өзі де сондай қасиеттерге ие абзал адам. Біз әрқашан әкемізден үлгі алып, әкеміздей болуға тырыстық.

Әкеміз – ақылды әрі терең ойлайтын адам. Оның ғылым саласында да қызмет етуге толық қабілеті болды. Институтты жақсы бітіргеннен кейін оған институтта қалуға ұсыныс жасалған. Бірақ туған жеріне оралып, өз әке-шешесінің, яғни менің ата-әжемнің жанында болуды ұйғарады. Сөйтіп, соларға қамқор болды, көмектесті. Есімде, біз жеке пәтерде тұрғанмен, әкем мен анам күнде немесе құнара сол кісілерге барып, жағдайларын біліп тұратын.

Әкеміз үлкендерді сыйлап, құрметтейді. Талапшыл, тәртіпті, жауапкершілігі жоғары жан. Және біздің де солай болуымызды талап ететін. Әкей кез келген жағдайда әрқашан өзінің әділ бағасын беріп, дұрыс шешім қабылдайтын. Жұмыстан тыс уақыттарында өз мамандығына байанысты және әдеби-көркем кітаптарды көп оқитын. Нота білмесе де домбыра, сырнай тартады. Ән де салады. Әсіресе, анам екеуі қосылып Шәмшінің әндерін айтқанды ұнатады.

Спортты да өте жақсы көреді. Әлемде және өз елімізде болып жатқан спорт жарыстарын теледидардан тамашалап отырады.

Есімде, менің бала кезімде әкем маған шахмат ойнауды үйретуге тырысты. Бірақ мен шахматты меңгере алмадым. Соның есесіне бүгінде ұлдарым шахматты атасы сияқты меңгеріп алды.

Әкем екеуміздің мінезіміз өте ұқсас. Кейде келіспей қалатын жағдайлар да болады. Бірақ сондай келіспеушіліктен кейін шындық туады. Бір-бірімізді жақсы түсініп, ұғысамыз. Ал мен өмірлік сабақ аламын.

Әкем мен анама зор денсаулық тілей отырып, туған-туысқандарының, жолдастарының, көршілерінің арасында әр күндері жақсы өтуі-

не тілектеспін. Біз алыста жүрсек те, сіздер әрқашан біздің жүрегіміз-десіздер. Сіздерді өте жақсы көреміз.

Сөз соңында айтарым: «Әке, мен өзіңізбен мақтанамын!» деп барша әлемге жар салып айтқым келеді. Өйткені сіз – біз үшін биік тұлғасыз!

Ардақ ЖАЙЫҚҚЫЗЫ



Үшінші бөлім



**ПАРАСАТТЫ
ПАЙЫМДАР**

БАТЫС ӘСЕРЛЕРІ

Қазір шет елдерге сапарлап қайту соншалықты бір қиын іс болудан қалды. Көріп-білгеніңді қалай құбылта жеткізсең де, аузыңа қақпақ болар ешкім жоқ. Содан да шығар, бүгінде өзіміздегі қандай да бір түйінді мәселе турасында сөз бола қалса, елден естігенімізді екі есе әсірелеп: «Шет елдерде бұл былай екен...» – деп білгішсінетініміз бар. Әрине, көптеген шет мемлекеттердің, оның ішінде дамыған елдердің бізден озып кеткені – шындық. Әйтсе де, сол шындықтың қаншалықты шынайы екеніне көз жеткізу үшін осы мақтаулы елдерді емін-еркін аралап қайтқан және асыра сөйлеп, артық айтары жоқ зиялы азаматтың сөзіне құлақ қою да теріс болмас.

Сәтбаев қаласы жоғары кернеулі электр жүйесі мекемесінде бөлім бастығы боп қызмет ететін Жайық Мұңсызбаев зайыбы Зоя екеуі өткен күздің басында Батыс Еуропаның айтулы екі елінде – Голландия мен Германияда болып қайтты. Қаржыгер ұлы Абай келісімшартпен Голландияда еңбек етіп жатса, қызы Ардақ Германияда тұратын. Біз Жайық ағамен шет елдерден алған әсері туралы әңгімелесуді жөн көрдік.

Кенжелеп қалғанымызды мойындадым

– Аға, бұл қазақ көрші ауылға барып қайтса да қос қоржынын әңгімеге толтырып қайтып, біраз жырлаушы еді. Алыс сапардың әсерін, көрген-білгеніңізді бөлісе отырмайсыз ба?

– Көргенім де, көңілге түйгенім де аз емес-ау. Бірақ соны журнал-листке әңгімелеп отыруым қалай болар екен? Бәзбіреулер теріс түсініп жүрмесе... Әрі бүгінде шет елдерге шығып қайту да аса таңсық оқиға болмай қалды ғой.

– Әңгімемді айтайын деп сіз бізді іздеп келіп отырған жоқсыз, сізге біз қолқа сала келіп отыр емеспіз бе? Ендеше, мұны ешкім айып санамас. Сауал – бізден, жауап – сізден.

– Мақұл, өтінішіңді қабыл алайын. Сонда менен нақты қай салаға, нендей тақырыпқа байланысты әңгіме тыңдағың келеді, соны айтшы.

Әйтпесе, бір айға жуық сапарымның әсерін жеткізу тыс ұзаққа кетіп, өзінді жалықтырып алармын.

– *Осы Батыс десе қай-қайсымыздың да аузымыздың суы құриды. Өркениеттің алдыңғы легіндегі, дамудың шырқау биігіндегі сол Батыс елдерін емін-еркін араладыңыз ғой. Көңілге түйген көп ойдың ең бастысы не?*

– Бұл жерде ең әуелі мына бір жайды еске түсіре кету артық болмас деп ойлаймын. Кешегі кеңестік заманда солақай саясат пен сыңар езу идеология салдарынан барша алыс-жақын шет елдердің, оның ішінде Батыс Еуропаның дамыған мемлекеттерінің қақпасы қарапайым адамдар үшін тарс жабық болды. «Тек бізде ғана тамаша, басқалардың тірлігі – тозақ» деген ұғым санамызға күштеп сіңірілді. Батыс елдері халқының әлеуметтік ахуалы мен тұрмыстық жағдайы, жалпы тыныс-тіршілігі туралы білеріміз тым мардымсыз еді. Бұл орайда тек қана қара бояуы мол, біржақты ақпараттарды қанағат тұттық және соған иландық. Кейінірек кеңестік империя күйреп, сырт елдермен дербес қарым-қатынас жасай бастаған сәтте ғана өзіміздің кенжелеп қалғанымызды ұға бастадық. Дәл осы сапарымда мен мұны даусыз мойындап, өзіміздің өміріміз бен ондағы тірліктің арасында жер мен көктей айырма барын ұқтым. Бұл, әрине, өзіміздегі игілік атаулыны түгелдей жоққа шығару емес, бірақ ақиқат шындық нақ осылай.

Несін жасырайын, өз басым осы жасыма дейін бірталай жақсылы-жаманды құбылыстарға куә болып, бұрынғы Кеңес Одағының талай түпкірін аралап көрсем де, Еуропа елдерінде көп нәрсеге таңғалғаным рас. Соларды көре жүріп көңілге түйген ойым мынау болды. Еуропада ғылым мен техника ерекше дамыған және солардың ең озық, үздік нәтижелерін күнделікті өмірлерінде барынша кең, ұтымды пайдалануға қол жеткізіп отыр екен.

Есінде ме, баяғыда бізде «Бәрі де адам үшін, адамның игілігі үшін!» дейтін ұран бар еді ғой. Ал олар ұрандатпай-ақ, еш даңғаза-дабырасыз-ақ мүмкін нәрсенің бәрі-бәрін, тіпті біз үшін мүмкін еместей көрінетін нәрселерді де адамның игілігіне айналдырып қойған. Яғни, оларда барлығы адам үшін, адамның тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жағдай жасау үшін икемделген. Міне, менің ең басты түйінім – осы.

Жоғары қабаттарға көлікпен көтерілесін

– *Біз үшін мүмкін еместей көрінетін игіліктер дегеніңізді қалай түсінсек екен? Олар қандай сипаттағы, нендей игіліктер сонда?*

– Бұл сауалыңа байланысты өзім көрген барлық игі істерді тізе берсем, әңгіме біразға созылады. Сондықтан екі-үш мысалмен ғана шектелейін. Меніңше, осы айтатындарымнан-ақ талай сырды бажайлауға болады.

Германияның Эрфурт қаласында межелі бір жерге жетуім үшін кәдімгі маршруттық автобуска мінбек боп аялдамада тұрғам. Көлік күткен шоғыр арасында қоларбаға салып бала сүйреткен бір келіншек те тұрды. Алғаш оған мән бере қоймағам. Автобус келіп тоқтаған сәтте әлгі келіншек те көліктің кірер есігіне қарай арбасын итеріп келе жатыр. Бұл қалай кірмек деп аң-таңмын. Таңдана тұрып арбаны көтерісіп, бір шетінен демеп жіберуге оңтайландым. Сөйтсем, автобустың аяқ басар сатысы еңкейіп келді де, жермен-жексен бола қалды. Тура белгілі бір ертегіде айтылатындай, «Мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалайын, сол сәтте сен міне ғой» деген секілді. Сөйткенше мен көмектеспек боп тұрған келіншек арбасын итерген бойы еш қиындықсыз ішке еніп кетті. Ал іште мұндай жас балалы аналар үшін, балалардың арбасы үшін арнайы орын да бар екен. Енді өзің ойлашы, темір екеш темірдің, яғни автобустың баспалдағына дейін адамға «жайылып жастық, иіліп төсек» болып тұруы адам үшін жасалған игілік пе, әлде жоқ па? Әрине, игілік.

Екінші мысал. Бұл да осы Эрфурт қаласында көргенім.

Қала орталығында 6-7 қабат еңселі сауда үйі бар екен. Сол сауда үйінің жоғары қабаттарында орналасқан бөлімдеріне жаяу кіруді қиынсынсаңыз, жеңіл автокөлігіңізбен-ақ көтеріле аласыз. Яғни, ғимараттың қапталындағы жоғары өрлейтін спираль тәріздес айналма жолмен жүріп отырып, өзіңіз баратын қабатқа жеткенде көлігіңізді арнаулы алаңқайға доғарасыз да, сауданызды жасай бересіз. Шаруанызды бітірген соң, дәл бүйіріңізде өзіңізді күтіп тұрған көлігіңізге отырып, келесі жолмен төмен түсесіз. Жаяулап-жалпылаудың, тауар толы сумқанызды сүйретіп ақ тер, көк тер болудың еш қажеті жоқ. Мұны қалайша адам мүддесі үшін жасалған игілік демессің?!

Тағы бір мысал. Голландияда бастауыш сыныптарда оқитын балдырғандардың ата-аналары оң-солын тани қоймаған өз перзенттерінің мектепке барып-қайтар жолындағы қауіпсіздігін, оқыс оқиғаға ұрынып қалмауын ойлап тіпті де бас ауыртпайды. Неге десеніз, олардың әрқайсысын өз үйінің ауласынан мінгізіп әкететін автобус мектептің дәл алдына дейін жеткізіп салады екен. Сабақтан соң мектеп алдында

тосып тұрып, тағы да әрқайсысын өз үйіне таратады. Адамға деген қамқорлықтың нағыз үлгісі осы емес пе?! Менің «Ол жақта бәрі-бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін орайластырылған екен» деуіме өзім көзбен көрген осындай көріністер себепші болды.

Көше сыпырушы көрінбейді, бірақ бәрі мұнтаздай

– Бұл айтқандарыңыз расында да таңдай қағар тамаша игіліктер екен. Ал осы өзіңіз әңгімелеп отырған елдердегі адамдардың аса мәдениеттілігі, даласының да, қаласының да мұнтаздай тазалығы туралы сөздерді де аз естімейміз. Сонау сексенінші жылдардың бас кезінде Германияда әскери борышын өтеп қайтқан бір танысымның «Германияның қай қаласында да көшеде келе жатып темекінің тұқылын лақтырып жіберуге, тіпті күлін түсіруге ұяласың. Өйткені ондағы тазалықта еш мін жоқ» дегені де осы әңгіме барысында еске түсіп отыр...

– Жалпы дамыған Батыс Еуропа елдеріндегі мәдениет деңгейі жайлы сөз қозғағанда, өзіміздің байырғы салт-санамызға жат небір анайы да тұрпайы құбылыстардың ұясы сол Еуропа елдері екенін ұмытуға болмас. Бүгінгі күні Батыстан жеткен әр түрлі жағымсыз әдет-қылықтардан жапа шегіп отырғанымыз да өтірік емес. Бірақ, әділін айтайын, өзім болып қайтқан екі елден де көзге ұрып тұрған аса бір келеңсіздікті байқамаппын. Керісінше, жергілікті тұрғындар тарапынан сыпайылық пен кішіпейілдікті аңғарғандай болдым. Мүмкін, бет-әлпетімнен-ақ өзге нәсіл өкілі екенімді сезіп назар аударғаны шығар, әйтеуір көшеде кездескен көп адам бас изеп, амандасу ишарасын жасап өтеді.

Сондай-ақ, қай елді мекенде де тәртіп пен реттілікті аңғардым. Халқы көп, территориясы шағын елдер ғой, жерге мұқтаждық бар секілді. Осы мұқтаждық салдарынан автокөліктер түнде де көшеде тұра беретінге ұқсайды. Солай бола тұра оларды айдап кету немесе тонап кету оқиғалары жоққа тән.

Енді тазалық мәселесіне келейік. Бұл жағынан оларда шын мәнісінде еш мін жоқ. Көшелер де, алаңдар да айнадай жарқырап жатыр. Қоқыс пен қалдық тұрмақ, шаң да жоқ. Ең ғажабы сол, тазалық мәселесімен айналысып, көше сыпырып жүрген бір пенде көзіңе түспейді. Өкінішке қарай, осынша тазалық пен жинақылыққа олар қалай қол жеткізді, соны анықтап білу ойыма келмепті. Мүмкін, тиісті орындар

қатаң шаралар қолдану арқылы жинақылыққа мәжбүр еткен шығар, әлде халықтың сана-сезімі жоғары ма, оны кесіп айта алмаймын.

Тағы бір көңілге түйгенім – еуропалықтар әсемдікті бағалайтын, сұлулықты сүйетін, қызыл-жасылды гүлге іңкәр жұрт па деп қалдым. Аяғыңды аттап бассан, алдыңнан жайнаған гүл алаңы кездеседі. Тіпті, барлық тұрғын үйлердің балкондарын гүл көмкеріп тұр. Әдемі-ақ.

Шыны керек, бұрын бұл елдердің келісті көріністерін теледидардан көргенімде «Е, тәйірі, таңдаулы жерлерін әдейі көрсетеді ғой» деп ойлайтынмын. Қателесіппін. Көркемдік пен үйлесімділік олардың қай қиырына да тән екен. Содан соң, кейбіреулерге ұсақ-түйек тірлік болып көрінгенімен, өз назарымды аударған мына бір елеусіздеу жәйтті де айта кеткенім орынды болар.

Бұл елдерде кәдімгі қоқыс салатын контейнерлер мұқият қоршаулар ішінде орналасқан. Және біздегідей біреу-екеу ғана емес. Әр қоршауда бесеу-алтаудан. Әрқайсысы әр түрлі өнімдер қалдығына арналған, яғни біріне – тек пластмасса бұйымдары, екіншісіне – қағаз қалдықтары, келесісіне – темір-терсек, тағы біреулеріне басқа түрлі қалдықтар салынады. Сөйтіп, оларды біздегідей бір қуысқа апарып төңкере салмай, әр контейнер сол өнім түрін өндейтін тиісті орындарға жеткізіліп, қайта өңдеуден өткізіледі. Бұл дегеніңіз – оларда қалдықсыз технология жүйесі жақсы дамыған деген сөз. Жер асты қазыналары, табиғи байлығы жұтаңдау бұл елдердегі өркендеудің бір сыры осындай ұқыптылықта екені анық.

Көңіл күйіңе қарай қалаған жолыңмен жүр

– Біздегі ешқашан жыры бітпейтін түйінді бір мәселе – автокөлік жолдарының жай-күйі ғой. Олардағы жолдың жайы қалай екен?

– Тап осы жол туралы сен сұрамасаң да өзім айтқалы отыр едім. Олардағы жолдың жайлылығы мен сапасы өте жоғары деңгейде. Ешбір ақау, тіпті сәл де болса бір сызат жоқ-ау жолдарында. Еріксіз тәнті боласың. Әсіресе, Германияның жолдарына. Ондағы қала көшелерінде бір бағытта міндетті түрде үш жол қатар тартылған. Бірі – автокөлікке, екіншісі – велосипедпен жүретіндерге, үшіншісі жаяу жүргіншілерге арналған. Мұндай жағдай жасалған жерде жол-көлік апаттары, әр түрлі оқыс оқиғалар да мейлінше аз болары түсінікті.

Енді осы елдің қалааралық үлкен жолдары жайлы айта кетейін. Мұнда да нақ көшедегі секілді бір бағытта үш жол қатарласа көсіліп

жатыр. Тек мұның үшеуі де автокөлік жолы және едәуір кең. Бірі – төменгі, бірі – орташа, бірі жоғары жылдамдықпен жүруге арналған. Өзіңнің көңіл күйіңе, уақытыңның аз-көптігіне немесе көлігіңнің жүрдектігіне қарай қалаған жолыңмен жүре аласың. Қапталдас жатқан қарсы бағыттағы жол да осындай үш қатар. Ал екі бағыттағы жолдар арасы арнаулы берік материалдармен бөлініп қойылған. Демек, бұл жолда қарсы келе жатқан көліктердің қақтығысып қалуы – мүмкін емес жағдай.

Сондай-ақ, мені мұндай үлкен жолдардың бір-бірімен қиылыспайтыны да тәнті етті. Дәлірек айтқанда, сен жүріп келе жатқан жолмен бүйірлей келіп түйісуге тиісті басқа бір жол болса, ол міндетті түрде үстіңнен тартылған көпір немесе астыңнан салынған туннель арқылы өтеді.

Сосын бір көзім жеткені, олардың автокөліктерінде түгелдей дерлік автонавигатор бар екен. Қандай бағытта, қай межеде келе жатқаныңды көрсетіп тұратын мұндай жабдықпен бізде тек ұшақтар ғана қамтамасыз етілген. Автокөліктерімізден оны көрген емеспін.

Еуропалықтардың осындай-осындай артықшылықтарын көңілге түйе жүріп, «Осы өркениет жетістіктері біздің елімізге тезірек жетсе ғой» деп арман еткенім де рас. Бірақ, ақиқаты сол, ол деңгейге жету үшін бізге әлі талай уақыт керек болар-ау...

Әр сәбиге – ай сайын 300 еуро

– Аға, сіз айтып отырған әңгімелер негізінен мемлекеттің бақуаттылығын аңғартады. Ал сол әлеуетті мемлекет өзінің қамқорлыққа мұқтаж адамдар тобына, зейнеткерлер мен қарттарына қандай қолдау жасап отырғанын бағамдай алдыңыз ба? Жалпы қарапайым адамдардың тұрмыс-тіршілігі, бай мен кедей арасындағы алшақтық деңгейі қалай екен?

– Негізі қай қоғамда да қарапайым жұртшылықтың хал-ахуалы ең әуелі тапқан табысының аз-көптігіне, қалыпты күнкөріске жету-жетпеуіне байланысты ғой. Еуропада баға біздегімен салыстырғанда жоғары. Бірақ жалақы көлемі сол қымбат бағаға әбден сай. Еңбек еткен адамның табысы иінінді бүтіндеуге де, тамағыңды тоқ қылуға да, түр-түрімен автокөлік мінуге де жетеді екен деп түйін жасадым.

Байқауымша, оларда тұрмыс деңгейі өте төмен адамдар да жоқ секілді. Сол себептен бай мен кедей арасында соншалықты ал-

шақтық бар дей алмаймын. Әрине, дәулеті асып-тасқан жекелеген аса бай адамдар жоқ емес қой. Бірақ олар ондай байлықты біреулердің несібесін жымқыру, әйтпесе алдап-арбау жолымен жинамағаны хақ. Тәртіп бар қоғамда олай бола қоймайды. Ендеше, бұл елдерде әлеуметтік әділетсіздікке де жол жоқ. Бұлай деп айтуыма оларда зейнеткерлер мен қарияларды мемлекеттік қолдаудың жақсы екені де дәлел. Мәселен, Германияда ең төменгі зейнетақы деңгейі – 400 евро. Мұның сыртында, әлдеқалай ауырып-сырқай қалса, ақшалай қосымша көмек те берілетінін білдім. Ал өмірге келген әр сәбиге ай сайын 300 евро жәрдемақы тиесілі екен.

Еуропалық қарапайым халықтың тұрмысы туралы сөз болып отырған осы тұста мына бір жайды да айта кетсем артық болмас. Біз бүгінгі күні баспанамызға «еуроремонт» жасауды әдетке айналдырдық. Өз әліміз бен шама-шарқымызша тырбанамыз да, «Үйімізге еуроремонт жасадық» деп марқаямыз. Мен бұл жақта талай келісті жөнделулерді көріп жүрсем де, нағыз «еуроремонттың» қандай болатынын сол Еуропада ғана анық түйсіндім. Әрі ондай көз тартар көркемдік пен әсемдікті өзім бас сұққан пәтерлердің бәрінен байқадым. Олардың тұрмыс ахуалының қаншалықты екеніне бұл да бір айғақ болса керек.

Сосын бір ұққаным, немістер де, голландықтар да табиғат аясында демалуды ұнатады екен. Жексенбіде дүкендері жұмыс істемейді, өйткені бұл күні сауда орындары есіктерін айқара ашып қойса да, оларға барушылар табыла қоймайды. Барлық адам табиғи ортада демалып жатады немесе саяжайларында болады.

Қария қазақтарды сағыныпты

– Барған елдеріңіздің мәдени, тарихи орындарына да ат басын бұрған шығарсыз?

– Әрине. Атына сырттай қанық, көрсем-ау деп жүретін бірталай айтулы орындарда болдым. Солардың арасында аты әлемге аян «Бухенвальд» өлім лагері жан-дүниеме ерекше әсер етті. Тұтқындар мен қолға түскен бейбіт халықты жүз мыңдап жалмаған крематорийді де көрдім. Соғыста қирап-бүлінген екен, сол қираған қалпында тұр. Сірә, соғыстың сұмдығы мен лаңын адамзат баласына ескертіп тұрсын деген шығар, еш қол тигізбепті. Түсіне білгенге бұл да тәлім алар нәрсе. Егер немістер өз тарихынан теріс айналып, «Бұл – бетімізге

шіркеу болатын дүние, түп орнымен тып-типыл етіп өзін құртайық» десе, бір-ақ күнде жоқ қыла алар еді ғой.

– *Батыс елдерінің озық жақтары жайлы біраз сыр шерттіңіз. Ал бізден кемшіл тұстарын, айтпесе, өзіміздің қазақи түсінікке кереғар жайларды байқадыңыз ба?*

– Бұл сауалыңа жауап ретінде мына бір оқиғаны айтайын.

Бұрын Сәтбаев қаласында тұрған, өзімізбен етене араласып, дос болып кеткен бір неміс қария 5-6 жыл бұрын Германияға қоныс аударып еді. Сәті түсіп, сол кісіні тауып алдым. Жағдайы өте жақсы екен. Тамағы тоқ, көйлегі көк. Өкіметтен 3 бөлмелі үй алыпты. Бірақ әңгіме арасында қарт өзінің рухани жалғыздық күйін кешіп жүргенін айтты. «Ештеңеге зәру емеспін, алайда мұнда араласатын орта, қазақ еліндегідей адами қарым-қатынас жоқ. Қазақтарды сағындым» дейді қария. Осы сөздің жаны бар. Ол жақта туыс-туған, ағайын-жекжат дегенге аса мән бере қоймайтынға ұқсайды. Әркім тек өз отбасын ғана ойлайтын секілді. Туыс-бауыр десе елжіреп тұратын қазақтың ұғымына нағыз кереғар нәрсе осы емес пе?!

– *Сізге рахмет, аға. Әңгімеңізден Батысты көрмесек те көргендей әсер алдық.*

– Иә, айта берген адамға Батыс – таусылмас тақырып. Біз үшін таңсық дүниелер жетіп-артылады. Көп нәрсесін үлгі етуге болады. Елбасымыз Н. Назарбаев «Қазақстан болашақта ең мықты 50 мемлекеттің біріне айналады» деп уәде берді ғой. Сол жақсылыққа жетер күн ұзамасын деп тілейік.

Сұхбаттасқан – Қ. Нұриддинұлы,

«Мысты өңір» газеті,

27.01.2006



ЭНЕРГЕТИКА: ТИІМДІ ТЕТІКТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ҚАЖЕТ

Біз саяси, әлеуметтік, экономикалық жүйесі жаңарған жаңа қоғам құруға негіз қалаудамыз. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 16 наурыздағы халыққа Жолдауында осы бағытта дамуымыздың жолдарын айқындап берді.

Ішкі саяси тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатын арттыру жолындағы тың бастамалар біздің көңілімізден шықты. Президенттің үш облысқа қайта енші беру туралы шешімін мен де қуана қабыл алдым. Мемлекет басшысының бұл идеясын толық қуаттадық. Десе де, Ұлытау облысы қалыптасар алдында әр саладағы түйткілді мәселелердің басын ашып, айқындап алған жөн деп санаймын.

Мені, энергетика саласында ұзақ жыл еңбек еткен азамат ретінде, аймақтағы энергетиканың бүгінгі жай-күйі толғандырмай қоймайды. Экономика мен тұрмыс жағдайын жақсартудың басты жолдарының бірі – осы энергетика саласын тұрақты жұмыс істетіп, өндіріс пен халықты күнделікті жылу, су, электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан алғанда, Сәтбаев қаласының тұрғындарын жоғарыда көрсетілген энергия көздерімен үздіксіз әрі сапалы қамтамасыз ету үшін биылдан бастап біраз міндеттер жүзеге асуы тиіс.

Шаһардағы №1 жылу қазандығы 1968 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ондағы жабдықтар, қазандықтар әбден тозған. Жылу энергиясын тұтынудың өсуіне байланысты аталған қазандықтың қуатын арттыруды қолға алу керек. Алда-жалда облыс көлемінде ірі жобалар жүзеге асып, қалаларда тұрғын үйлер салынатын болса, қаланы жылумен қамтуда қиындықтар туындайды. Сондықтан болашақта Жезқазған мен Сәтбаев қаласының ортасына газбен жұмыс істейтін жылу орталығын салудың да маңыздылығы айқындала түседі.

Бұл – жылумен қамтудағы түйткілді мәселелердің негізгісі. Біз, сонымен қоса, ауыз суды үнемдеу, кәріздік жүйелерді тазалау қондырғыларын жаңарту сынды өзекті мәселелерге көңіл аударуымыз керек. Электр энергетика саласының да жағдайы көпті ойландырып жүргені ақиқат. Әсіресе, «Есқұла-1» су жүйесін электр энергиясымен

үздіксіз қамтамасыз ету үшін екінші электр әуе жүйесін салудың мезгілі жетті.

Қазіргі таңда электр энергиясының бағасы да көпшіліктің талап-тілегінен шықпай отырғаны жасырын емес. Жыл сайын өсетін электр бағасына арзандатылған тариф белгілеудің де мезгілі жетті. 2011 жылғы қыркүйек айына дейін электр энергиясымен қамтамасыз ету электр желілері кәсіпорнының құзырында болатын. Ол уақытта 1 квт-сағат 4,648 теңге еді. Ал қазір 16 теңгеге дейін өсті. Егер жеке тұлғаларға арналған баға көрсеткіші біріктірілсе, 1 квт-сағаттың бағасы одан әрі жоғарылайды. Осындай жағдайларды болдырмау үшін ең әуелі Жезқазған және Сәтбаев қалаларына электр энергиясын Жезқазған жылу-электр орталығынан беру керек. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №588-І «Электрэнергетика туралы» Заңын қайта қарап, электр энергиясын тек қана өндірушілер мен оны жеткізіп, таратушыларға ғана сатуға құқық берілуі тиіс. Электрмен қамтамасыз ететін кәсіпорынның балансында тиісті электр желілері болу керек. Біз осы жағдайларды энергетика саласында реттеуге барынша күш салғанда ғана аймақ халқын қуат көздерімен қамтудың мәселелерін шешеміз.

Президент бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды, өндірістік нысандары бар компаниялардың тұрғылықты халықтың әл-ауқатын жақсарту бағытында тиісті жобалар әзірлеуді қаперінен шығарған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, кен өндірудің алыбы саналатын «Қазақмыс» корпорациясы жаңа құрылатын облыстың басшылығымен бірлесіп, өңірді сапалы энергиямен қамтудың жобаларын әзірлеуі тиіс. Сонда тұрғылықты халық энергия көздерінен тапшылық көрмейтін болады.

Қорытындылай айтқанда, Президент Жолдауының әр салаға басымдық бергені көңілге қуаныш ұялатты. Ендігі мақсат – Мемлекет басшысының маңына топтасып, жаңа Қазақстанды қалыптастыруға бірге ат салысуымыз керек.

Жайық МҰҢСЫЗБАЕВ,

*ҚР және ТМД елдерінің еңбек сіңірген энергетигі,
«Қазақмыс» корпорациясының Құрметті еңбек ардагері,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.*

«Мысты өңір» газеті,

08.04.2022

ТҮЙІН СӨЗ

Мен, Мұңсызбаев Жайық Рамазанұлы, 1944 жылы 15 тамызда ту-
дым. Ол уақытта біз Байқоңырда (Ұлытау облысы) тұратынбыз.

Менің әкем де элетроэнергетика саласында 1934 жылдан 1955 жылға дейін тер төгіп, электр энергиясын беретін цехта (силовой) ма-
шинист, ауысым шебері, аға шебер болып еңбек еткен. Ол бұл еңбек
жолын Рудниктегі цехтан бастаған. 1943 жылы броньмен Байқоңыр-
дағы электр энергиясын беретін дизельді қондырғыны жүргізу үшін
көшіп барған. 1945 жылдан 1971 жылы зейнетке шыққанға дейін
№42, 47 шахталарда еңбек еткен.

Ұзақ жылдар абыроймен еңбек еткені үшін Еңбек Қызыл Ту ор-
денімен марапатталды. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген кеншісі, Кеңес
Одағының Құрметті кеншісі атақтары берілді. Қазақстан Компар-
тиясының IX съезінің делегаты болды. Зейнетке шыққанда Қазақстан
Республикасының дербес зейнеткері деген дәреже тағайындалды.

Анам Қаппасова Зұлкия мені ауылға барып, Терісаққандағы Қора-
лыбұлақ деген жерде босаныпты. Анам негізі оқыған, бірақ бізді тәр-
биелеп өсіріп, үй шаруашылығымен айналысқан. Үш ұл тәрбиелеген.
Ең үлкені – мен, менен кейін – Еділ. Ол «Қазақмыс» корпорациясын-
да 40 жылдан астам абыроймен еңбек етті. Екінші інім Мұңсызбаев
Аппаз «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етуде.

1951 жылы Байқоңыр көмір руднигінің жабылуына байланысты
Рудникке (қазіргі Жезқазған поселкесі) көшіп келдік. Мен сол жылы
бірінші класқа бардым. Сабақты жақсы оқыдым. Негізі, мен мек-
тепті «Алтын белгімен» бітіретін үміткерлер қатарында едім, бірақ
9-сынып оқып жүргенде қатты ауырып, жарты жылдай оқи алмадым.
Бірақ 1961 жылы №7 қазақ орта мектебін жақсы бағалармен бітіріп,
Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының энергетика фа-
культетіне оқуға түсіп, әке жолын жалғадым. 1966 жылы 21 желтоқ-
санда «Өнеркәсіпті және қаланы электр энергиясымен қамтамасыз
ету» мамандығы бойынша өте жақсы (бес) деген бағамен дипломдық
жұмысымды қорғадым. Жалпы институтта оқып жүргенде, соңғы
курста емтихандарды беске тапсырып, көтерме (повышенная) сти-
пендия алып жүрдім.

1967 жылы 10 ақпанда жолдамамен «Жезказгангипроцветмет» жобалау институтында еңбек жолымды бастадым. Институт бітірерде маған «Осы институтта қал, бір-екі жылдан кейін жеке энергетика институты болады» деген ұсыныс болған. Бірақ мен өзімнің туған жеріме оралып, ата-анамның жанында болғанымды жөн көрдім.

Жалпы энергетика саласында 50 жылдан артық әр түрлі қызметтерде еңбек еттім: Жезқазған облысы бойынша «Госэнергонадзор» бөлімшесінің бастығы, «Госгортехнадзордың» Жезқазған аймағы бойынша бас энергетигі, «Жезказганцветмет» өндірістік бірлестігі Анненский руднигінің бас энергетигі.

Менің көп уақыт істеген мекемем – «Электр желілері кәсіпорны» (ПЭС). Негізгі еңбек жолым осы мекемеде қалыптасты, осы жерден мен көп тәжірибе, білім алдым.

Ол жерде мен 22 жылдан артық қызмет еттім. Әрине, сол жерде еңбек етіп жүрген кезімде ғылыми еңбекпен айналысу ойымда болды, философиядан және шет тілінен кандидаттық минимумды тапсырғам, мамандық бойынша кандидаттық тақырыбым да белгілі болған. Бірақ осы жұмысты аяқтамадым. Бірақ оған өкінбеймін.

Ұзақ жылдар энергетика саласында абыроймен қызмет еткенім үшін «Қазақмыс» корпорациясының және облыс әкімінің бірнеше мақтау грамоталарымен марапатталдым. 2003 жылы Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, 2010 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі, 2013 жылы ТМД-ның (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) еңбек сіңірген энергетигі деген құрметті атақтарды иелендім. Кеңес Одағы уақытында «Еңбек ардагері» (Ветеран труда) және 2019 жылы Қазақстан Республикасы бойынша «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталдым. 2018 жылы «Қазақмыс» корпорациясында ұзақ жылдар (44 жылдан артық) мінсіз қызмет еткенім үшін «Құрметті еңбек ардагері» атағы берілді. 2011 жылы «Үздік адамдар» («Лучшие люди») атты халықаралық энциклопедия тізіміне қосты. Біраз шәкірттерім абыроймен электроэнергетика саласында осы өңірде және Россия, Белоруссия мемлекеттерінде қызмет етіп жатыр.

Азаматқа ар, намыс, абырой қымбат. Менің өмірдегі ұстанымым – адал, әділ болу, абыроймен еңбек ету, үлкендерді құрметтеп, кішілерге қамқор болу. Осындай құрметке ие болуға жетелеген ар, намыс болды. Аллаға шүкір, денсаулығым аса мықты болмаса да, әрқашан қатардан қалмауға тырыстым. Борис Полевойдың «Нағыз адам» шығар-

масындағыдай нағыз адам болуға ұмтылдым. Ұлы Абай да «Ақыл мен жүрек болса, толық адам болады» деген.

1968 жылы 10 тамызда өмірлік жарым Молдағалиева Алтынмен (Зоя) отау құрдым. Екеуміз 3 бала тәбиелеп өсіріп, немерелеріміздің қызығын көріп жатырмыз.

Алтын да – жоғары білімді экономист. Солтүстік Жезқазған, Шығыс Жезқазған рудниктерінде ұзақ жылдар абыроймен қызмет етті. Еңбек жолының соңғы жылдарында ШЖР жоспарлау бөлімі бастығының міндетін атқарды.

Балаларым Ардақ пен Абай жоғары білімді. Абзал орта техникалық білім алды. Немерелерімнің ең үлкені Айдана Нидерландыда жоғары оқу орнын бітіріп, сонда қызмет істеп жатыр. Одан кейінгі немерем Арыстан менің жолымды қуып, Алматының энергетика университетін бітіріп, 2021 жылдан бастап осы жерде электроэнергетика мамандығы бойынша жұмыс істеуде. Данияр немерем – Алматыдағы Қазақстан-Британия университетінің 1-курс студенті. Қалған немерелерім мектепте оқиды.

Қоғамдық жұмыстарға да шамам келгенше қатысып жүрмін. Сәтбаев қаласының Ақсақалдар кеңесінің мүшесімін. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы халыққа Жолдауы аясында және Ұлытау облысының құрылуына байланысты Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы энергетикалық проблемаларды шешу туралы 2022 жылдың 8 сәуірінде «Мысты өңір» газетінде менің «Энергетика: тиімді тетіктерді іске асыру қажет» деген мақалам басылған. Сәтбаев, Жезқазған қалаларының тұрғындарын үздіксіз әрі сапалы энергия көздерімен қамтамасыз ету жолындағы біраз алда тұрған міндеттерді айтқанмын.

«Сәтбаев қаласындағы №1 жылу қазандығы 1968 жылдан бері жұмыс істеп келеді, ал Жезқазған жылу орталығы (ТЭЦ) өткен ғасырдың 50-жылдары салынған. Жоғарыда көрсетілген жылу орталықтарының қондырғылары әбден тозған. Сондықтан Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының ортасынан газбен жұмыс істейтін жылу орталығын салу керек» деп ұсыныс жасағанмын. «Сәтбаев қаласын үздіксіз сумен, жылумен қамтамасыз ету үшін Есқұла-1 су көзіне екінші электр әуе желісін салу керек» дегенмін. Және де электр энергиясының тарифі туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №588-1 «Электрэнергетика туралы» Заңын қайта қарап, электр энергиясын

тек қана өндірушілер мен оны жеткізіп таратушыларға ғана сатуға құқық берілуі керек. Бұл мәселені биыл Мәжіліс депутаттарымен (Әлтаев Аманжол, Сатыбалдин Ерболат) кездескенде айтқанмын.

Біздің өңірде ішетін су мәселесі де кезекте тұр. Суды үнемдемейміз, машина жуатын орындар көбейіп кетті, шахтадағы технологияға тек шахта суын пайдалану керек. Болашақты ойлайық, ішетін су болмаса, тіршілік болмайды ғой.

Электр энергиясын да үнемдеуді ұмыттық, бұрын осы жағдайды қадағалайтын «Госэнергонадзор» комитеті болатын. Олар анау өндірушіден бастап тұтынушыға дейін бақылау жүргізетін. Қазір аты бар, заты жоқ. «Энергоэкспертиза» дегенге ақша төлесен болды, рұқсат жазып береді. Әсіресе, таңертеңгі және кешкі уақытта электр энергиясын үнемдеуге көп көңіл бөлінетін. Осы көрсетілген уақыттарда ірі өнеркәсіп тоқтап тұратын, тек қана қала, ауыл тұрғындары электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етілетін. Оның бәрін ұмыттық.

Сосын әлгі халыққа ешқандай пайдасы жоқ криптовалютамен байланысты майнинг қондырғылары электр энергиясын көп тұтынады, олардың әрбір қондырғысының қуаты 1 мВт-қа дейін, яғни шамамен 200 үйдің электр энергиясы. Оларға толық тыйым салса, міне, үнемдеудің ең үлкен көзі.

Естеріңде болса, кезінде әрбір үй, пәтерлерде «Шамды сөндірі!», орысшасы «Уходя, выключи свет!» дейтін ескертпе жазулар тұратын. Біз қазір әрбір тұтынушы электр энергиясын үнемдеуді мүлде ұмыттық. Сондықтан энергия көздерін (электр энергиясы, су, жылу) үнемдейік.

Бұл энергия көздерінің ішінде электр энергиясы маңызды роль атқарады. Электр энергиясы болмаса, қалаларға жылу, су беретін сорғы (насос) қондырғылары да істемей қалады. Қазіргі көп айтатын цифрландыру да электр энергиясы болмаса іске аспайды.

Менің жылу орталығын салуымыз керек деген ұсынысыма бір жарым жылдан асып барады, осы уақыт ішінде былтырғы қыста жалпы республика бойынша қысқа дайын емес екенімізді, жылу орталықтарының әбден тозығы жеткенін көрдік. Кейбір облыстар жағдайды қалыпқа келтіруге кірісіп кетті. Мысалы, Қызылорда облысы жылу орталығын салуға келісім берді. Әрине, электр энергиясын арттыруда жел және күннің қуатын пайдаланатын электр станцияларын салу

және Жезқазғанда осы станцияға арналған бөлшектерді шығару жо-
бада бар.

Қорытып келгенде, энергиясыз халықтың тұрмыс-жағдайы, күн-
делікті өмірі жақсы болмайды, соны ұмытпау керек. Экономика-
мыздың негізін құрайтын, оны алға жыжытатын – энергия көздері.
Біздің күнделікті жиынымыздан ештеңе шықпайды, одан да жұмыс
істегеніміз дұрыс. Осы энергия көздерін (электр, жылу, су) іске асы-
ратын, оны дұрыс пайдаланатын кадрларға ерекше көңіл бөлу керек.
Олардың қазіргі алатын жалақысы өте төмен, сондықтан осы энерге-
тика саласындағы білікті мамандар жоқтың қасы. Олардың жалақы-
сын жоғары дәрежеге көтеру керек және моральдық жағынан құрмет
көрсетіп, көбірек марапаттау қажет.

***Жайық Рамазанұлы МҰҢСЫЗБАЕВ,**
Қазақстан Республикасының және
ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі,
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы,
«Қазақмыс» корпорациясының Құрметті еңбек ардагері*



МАЗМҰНЫ

<i>Көкеміз жайлы көркем сөз</i>	3
---------------------------------------	---

Бірінші бөлім

ӨТКЕН КҮНДЕР ӨРНЕГІ

Жақсы адам.....	6
Энергия жизни Жайыка Мунсызбаева.....	8
В тиснении букв золотых – отблеск лет трудовых	11
Өз ісіне берілген азамат.....	14
Құрметтісіз қалаға, далаға да.....	16
«Заслуженный энергетик СНГ»	17
Толық адам.....	19
ТМД мойындаған энергетик.....	21
Ардагерге автокөлік сыйлады.....	22
«Қазақмыстың» тартуы	23
Болмысы бөлек, бітімі дара.....	24
Елу жыл жарасым тапқан.....	28
Екі жақсы қосылса, ай мен күндей жарасар.....	30
Еңбегіне қарай – құрмет.....	33
ТМД таныған тұлға	34

Екінші бөлім

АҚ ТІЛЕКТЕР АҒЫНЫ

Тұғырлы тұлға, майталман маман.....	64
Абырой	65
Жайық деген ағам бар.....	66
Сарыарқа байлықтары	67
80 жастың құтты болсын белесі!	69
Әке аманаты.....	72
Ағаға арнау	77

Жаны жайсаң Жайық аға.....	78
Өмірлік серігім, арқа сүйер асқар биігім.....	80
Аман жүр, асыл аға!.....	83
Алдыңда ағаң болған қандай жақсы!.....	84
Әкем – асқар тауым.....	86

Үшінші бөлім

ПАРАСАТТЫ ПАЙЫМДАР

Бағыс әсерлері.....	90
Энергетика: тиімді тетіктерді іске асыру қажет.....	98
<i>Түйін сөз</i>	100

ТМД-ға танымал тұлға

Жүрекжарды жазбалар

*Құрастырушы және жауапты редакторы –
Қуат Құрмансейіт*

Редакторы – Маржан Абсалықова
Техникалық редакторы – Ақбота Жан
Көркемдеуші редакторы – Вячеслав Козлов
Корректоры – Жұлдыз Аманғали
Компьютерде беттеген – Ерке Арыс

Басуға 14.08.2024 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/32. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы – 6,75.
Тапсырыс №43. Таралымы – 300 дана.

«Кәусар» баспасы
010000, Астана қаласы
Мәскеу көшесі, 40, 409-кеңсе
Тел.: 8 776 198 63 51; 8 777 323 25 47; 8 776 191 69 98